ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 21 тамыз
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№247
город Шымкент

«Адал азмат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен 2025 -2030 жылдарға арналған қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ігерілету тұжырымдамасын іске асыру туралы

Шымкент қаласы білім басқармасының 26.03.2025ж. №1809 хатын орындау мақсатында Әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2025 жылдың 04 тамыздағы №3-05/5241/ - И хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы тамыз мен желтоқсан айлары аралығында еліміздің барлық мектептерінде **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы мен 2025 -2030 жылдарғ арналған қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасын іске асыру аясында Республикалық желілік кестеге енгізілген бірыңғай іс – шаралар кешенін өткізуді ұсынады.
2. Осыған орай мектепте **«Ата Заңы – Тәуелсіздік тірегі»** тақырыбында қыркүйек айында бірыңғай сынып сағаты өткізілсін;
3. Қыркүйек – желтоқсан айларында жеке куәліктерді салтанатты табыстау рәсімі өткізілсін;
4. Қыркүйек – желтоқсан айларында парламент пен мәслихат депутаттарының әділет және прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен ашық сабақтар өткізілсін;
5. 12 тамыз күні барлық балалардың сауықтыру және мектеп жанындағы лагерьлерінде «**Қазақстан - менің жарқын болашағым!**» атты эссе байқауы өткізілсін;
6. Маусым – тамыз айларында «Балалар шығармашылығындағы Конституция» атты республикалық сурет байқауы өткізілсін;
7. Тамыз – қыркүйек айларында мектеп кітапханаларында «Қабылдаудан прогреске: **ҚР Конституциясының тарихы**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылсын;
8. Тамыз – қыркүйек айларында әлеуметтік желілерде **«Менің өмірімдегі Конституция»** атты онлайн челлендж өткізілсін;
9. Осыған орай хатта көрсетілген іс – шаралар орындалып, әлеуметтік желілерде және білім беру ұйымдарында кеңінен жариялансын;
10. Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау қазақ тілі мен әдебиеті, сурет, тарих, музыка пәнінің мұғалімдері мен кітапхана меңгерушісі С.Б.Абдибековаға жүктелсін;
11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет пен Н.Е.Халилуллаға жүктелсін.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
И.Х.Хамидов

Dostyk School Shymkent мектебі
Тәрбие жұмысының қыркүйек айына арналған
іс-шара жоспары
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)			
1	1 қыркүйек -Білім күні **«Мектеп – мейірім мекені!»**	01.09.2025ж	А.К.Төреахмет С.Б.Сексенов Н.Ә.Амангелдиев сынып жетекшілері
2	**«Тілім менің ғасырларға аманат»** *(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)*	05.09.2025ж	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері
3	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	01-05.09.2025ж	А.К.Төреахмет С.Б.Сексенов сынып жетекшілері (ІІД және т. б.) бірлесіп *(келісімі бойынша)*
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!			
5	Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз балалар!»** апталығы	08.12.2025ж	А.К.Төреахмет С.Б.Сексенов сынып жетекшілері
6	**«Бала қауіпсіздігі - басты назарда»** атты жалпы және сыныпаралық ата-аналар жиналысы	11,12.09.2025ж	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері
7	«Менің өмірімдегі Конституция» **челленджі**	12.09.2025ж	Н.Ә.Амангелдиев Өзін өзі басқару ұйымы
3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)			
8	Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ *(ертежүктілік)* балалардың арасында қорқыту мен	**15.09.2025ж**	А.К.Төреахмет С.Б.Сексенов Г.Ә.Әбдуқадыр

	кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру		Э.О.Базарбек
9	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында **«Мамандықтар әлемі»**	**16.09.2025ж**	Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілер
10	**«Кітап құмар»** жобасы аясында **«Кітап – рухани қазына»** кітап оқу уақыты	**18.09.2025ж**	Үйірме жетекшісі Болатова А.
4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/			
11	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында 30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай **«Адалдық – атадан қалған мұра»** ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Адалдық сағатын өткізу	22.09.2025ж	Сынып жетекшілері
12	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік сауаттылығын арттыру	23.09.2025ж	Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет
С.Б.Сексенов

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына
«Dostyq school shymkent» мектебіндегі «Мектебім –мейірім мекені» білім күні салтанатты жиынының іс-шаралардың
Анықтамасы

1 қыркүйек күні 10,11-сынып оқушыларының қатысуымен «Мектебім –мейірім мекені» білім күні салтанатты жиынын өтті. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- білім алушылардың бойында оқуға құштарлыққа ұмтылысын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Салтанатты іс-шараға келген қонақтар:

- мектеп басшылығы;
- қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- оқушылардың ата-аналары/заңды өкілдері;
- сынып жетекшілер

Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес өтті.

2 қыркүйек күні 10-11-сыныптарда «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылауға ерекше назар аударылды.

Сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті қонақтың қатысуы ұсынылады.

Сынып сағатының **мақсаты:** білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ұсынылады:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан күтулерін талқылау;
- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс.

Дайындаған
Төреахмет А.
Халиллула Н.


HIGH SCHOOL


HIGH SCHOOL


HIGH SCHOOL
SCHOOL

Бекітемін
ЖШС **«Dostyk School Shymkent»**
Мектеп директоры _____ Хамидов И.Х

«Мектебім –мейірім мекені» білім күні салтанатты жиынының сценарийі
Өтілетін күні: 02.09.2025 жыл
Өтілетін уақыты: 09.00
Жүргізуші: Аружан Талғатқызы, ...

І Жүргізуші : ***(Фанфар)***Армысыздар құрметті қонақтар , ұлағатты ұстаздар, ардақты ата-аналар және аяулы оқушылар!
ІІ жүргізуші: Биыл Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл болды. 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық дауыс беру арқылы қабылданған болатын. Енді міне арайлы жаздың үш айын мазмұнды да, мәнді өткізіп, сағынышпен алтын ұя мектебімізге оралып отырған оқушыларды сағынышқа, шаттыққа толы 1 Қыркүйек «Білім күнімен» шын жүректен **құттықтаймыз!**
І Жүргізуші: Біздің арамызда облысымыздың түрлі-түрлі мектептерінен жиналып алынған шәкірттер жүректері діріл қағып бір жағынан қобалжып, бір жағынан қуанып келіп отыр. Олар өмірлеріндегі маңызды бір кезеңге аяқ басқалы отыр. Бүгінгі мереке таланттылар мен дарындылар мекеніне қадам басайын деп тұрған 10 мен 11. сынып оқушыларына арналады. Мектебіміздің жаңа талапты оқушыларының алғашқы қадамдары ерекше атаулы кезеңдермен тұспа-тұс келіп тұр. Оларды қошеметпен ортаға қарсы алайық: ***(Фанфар)***

ІІ жүргізуші: 11«А» сынып **Математика Физика** бағытында, сынып жетекшісі: Калиев Оралбек Шарипбекович математика пәні мұғалімі
І Жүргізуші: 11"Ә" сынып **Дүние жүзі тарих- Ағылшын** бағыты сынып жетекшісі: Төреахмет Арайлым Кенжебайқызы математика пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11"Б"сынып **Биология Химия** бағыты сынып жетекшісі:Колбай Арайлым Абдурахманқызы химия пәні мұғалімі
І Жүргізуші: 11"В" сынып **Математика Информатика** бағытындағы сынып жетекшісі:Нұрлан Данияр информатика пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11 "Г" сынып **Математика География** бағытында, сынып жетекшісі:Мырзаханов Азимбек Батырханович география пәні мұғалімі.
І Жүргізуші: 11"Ғ" сынып **Биология Химия** бағытындағы сынып жетекшісі:Халилулла Нұржан Ерланұлы биология пәні мұғалімі
ІІ Жүргізуші: 11"Д" сынып **Биология География** бағыты сынып жетекшісі: Шектібаева Ажар Нұралықызы ағылшын пәні мұғалімі
І жүргізуші: 11"Е"сынып **Дүние жүзі тарих- Ағылшын** бағыты сынып жетекшісі:Болатова Аружан Талғатқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11 "Ж" сынып **Биология Химия** бағытында, сынып жетекшісі:Әбдімүтәліп Әбдіқаһар Қожамқұлұлы математика пәні мұғалімі.

І Жүргізуші: 11 "И" сынып **Математика Физика** бағытында сынып жетекшісі: Нурбаев Айдар Арысбекович физика пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11 "К" сынып **Математика Информатика** бағыты сынып жетекшісі: Кадиров Ербол Жуматаевич математика пәні мұғалімі
І Жүргізуші: 11 "Л" сынып **Математика Физика** бағытында сынып жетекшісі: Түгел Шерхан Ерланұлы Тарих пәні мұғалімі

ІІ жүргізуші: Қошеметтеріңізді аямаңыздар!!!
І жүргізуші:Батырлыққа уызынан жарыған,
Ер қазақты жалауынан таныған.
Өзі батыр, өзі әнші халыққа,
Жарасады жігер берер әнұран, - деп Қазақстан Республикасының Мемлекеттік **Әнұраны** орындалсын.

ІІ жүргізуші: Жаңашыл сөзбен әр кез ойын бастар,
Үлгі алып келген,кейінгі жастар.
Мектептің туын алға ұстаған
Біздің басшымыз ақ тілекпен сөзін бастар - деп, алғашқы құттықтау сөзі мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары ***Токбурина Сериккайша Бигалиевна*** **мен Жаматбеков Азамат Керімбайұлына**беріледі.

"Қазақша БИ"

І жүргізуші: Иә, білім саласында 23 жыл бойы тәрбие мен білімді қатар алған «Dostyq School» мектебі ҰБТ-ға жан-жақты дайындап, еліміздің ең үздік дайындық мекеніне айналды.«Dostyq School» мектебі – бұл Қазақстанда ашылған Достық білім беру орталығының жаңа қадамы. Алғашқыда 2002 жылы ашылған Достық білім беру орталығы, кейін 2003: жылы Шымкентте өз қызметін бастады. 2021 жылдан бастап бұл білім ордасы жаңа кезеңге аяқ басып, мектеп ретінде ашылды. Бүгінде Достық мектептері Қазақстанның 9 қаласында орналасқан, олардың жалпы саны 11. Атырауда (2 мектеп), Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Алматы, Арыс, Шымкент, Түркістан және Талдықорған қалаларында табысты жұмыс істеп жатыр.
ІІ жүргізуші: Бар мектептің басталар бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырып ұғымдыны.
Жаңа оқу жылы басталды, ұстаз, шәкірт,
Құтты болсын бүгінгі Білім күні!-деп «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған мерекелік іс-шарамызды әсемдеу үшін ортада оқушымыздан **«Домбыра»**.
І жүргізуші:

Аялар бейбіт күн нұры,
Мектебім, бізге жөргексің.
Алғашқы қоңырау сыңғыры
Ән болып сені тербетсін.
Сыңғырла қоңырау, сыңғыр қақ,
Жаңа оқу жылын ашқансың
Бал үнің сенің сырлы ырғақ
Сыныпқа бізді бастасын
Қоңырау үні шарықта,
Өзіңнің сиқыр тілінде
Қызмет көрсет халыққа
Шақырып өнер – білімге

II жүргізуші:Барлығымыз білетіндей мектебімізде 10-сыныптарымыз биыл 11-сыныпқа қадам басты. Сол оқушылар арасында мектепті үздік бітірген, жоғары нәтиже көрсеткен оқушыларды марапаттауға директордың білім-ісі жөніндегі орынбасары ***Токбурина Сериккайша Бигалиевнаға беріледі***

ӘН.

I жүргізуші: «Жақсы шәкірт азамат атанады,
Халқынан, ата - анадан бата алады.
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,
Ортаға шақырайық ата - ананы. **«Ата - ана баланың бас ұстазы»** дегендей ата - ана мен мұғалім қатар тұрғанда бала өзіне деген қамқорлықты толық сезінеді. Сөз кезегі құрметті де қадірлі ата – аналарымызға беріледі.....

II жүргізуші: Жаңа оқу жылы жемісті,
Мерейі үстем жыл болсын.
Шәкірттеріміз өрісті,
Елімдер қыз бен ұл болсын.
Жаңа оқу жылы сәтті өтсін.

I жүргізуші: Жас дарын, сендерге артар міндет көп,
Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп.
Білімнің көзін аша білсең тереңнен,
Жетелейді армандарға бұл мектеп, - деп бүгінгі **"Мектебім – мейірім мекені"**атты білім күніне арналған мерекелік іс-шарамызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Рақмет!

https://www.instagram.com/reel/DOHAMiqjFLM/?igsh=MTR0bGpoaHdiMDJvZA==

«Dostyq school shymkent» мектебіндегі «Тілім менің ғасырларға аманат» іс-шарасының Анықтамасы

5-ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

5- қыркүйек Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Биыл Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 152 жыл толып отыр.Осы орайда,
5 – ҚЫРКҮЙЕК Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Тілім менің ғасырларға аманат» атты мерекелік іс-шара өтті.
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Токбурина С.Б жиын барысында құттықтау тілегін арнап, барша қазақ халқын мерекемен құттықтады. Шарада мектеп оқушылары ұлттарға бөлініп, тур бойынша сайысты
Сол ұлттың тілінде таныстырды, өнерін көрсетті,дастарханын жайды
6 ұлтты қойған 12 сынып ішінен 3 ұлтты жеңімпаз деп шешіп
Жеңімпаз болған командаларға суши пиццаны мектеп атынан алып бердік
Ұсыныстар

1. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында тілге арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер мен пікірсайыстарды тұрақты түрде ұйымдастыру.
2. Оқушылар арасында көркем оқу, шешендік сөздер, эссе және өлең байқауларын өткізу арқылы ана тіліне деген қызығушылықты арттыру.
3. Қазақ тілінің тарихы мен маңызын насихаттайтын ақпараттық стендтер, көрмелер мен бұрыштарды жүйелі түрде жаңарту.
4. Тіл жанашырлары, ақын-жазушылар мен мәдениет саласы өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.
5. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту үшін сахналық көріністер мен тілдік ойындарды көбірек қолдану.
6. Мектепішілік «Тіл мерекесі» апталығын өткізіп, түрлі танымдық және шығармашылық іс-шараларды қамту.
7. Ана тіліне құрмет пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.











Бекітемін
ЖШС «Dostyk School Shymkent»
Мектеп директоры Хамидов И.Х

«Тілім менің ғасырларға аманат» іс-шарасының сценарийі

Өтілетін күні: 12.09.2025 жыл
Өтілетін уақыты: 14.00
Жүргізуші: Аружан Талғатқызы

Жүргізуші 1:
– Құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар! Бүгін біз халқымыздың жүрегіне жақын мерекелердің бірі – Қазақстан халқы тілдері күнін атап өтпекпіз.

Жүргізуші 2:
– Бұл мереке алғаш рет 1998 жылдан бастап 22 қыркүйекте аталып келген. Ал 2017 жылы Үкіметтің шешімімен 5 қыркүйекке ауыстырылды. Себебі дәл осы күні қазақ халқының ұлы ұстазы, ағартушы, ғалым, тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген.

Жүргізуші 1:
– Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп айтқан еді. Сондықтан бүгінгі мерекенің мәні ерекше.

1-Тур: «Таныстыру»
(Ұлттар өз тілінде таныстырады.)

Жүргізуші 2 (қазақ тобынан кейін):
– Қазақ тілі – біздің мемлекеттік тіліміз, ел бірлігінің алтын қазығы. Тіл – ұлттың жаны, рухани негізі.

Жүргізуші 1 (орыс тобынан кейін):
– Орыс тілі – Қазақстандағы көпұлтты халықты байланыстыратын тілдердің бірі. Ол – достықтың көпірі.

Жүргізуші 2 (өзбек тобынан кейін):
– Өзбек халқының да салт-дәстүрі, мәдениеті бізге етене жақын. Достық – тілден басталады.

Жүргізуші 1 (ағылшын тобынан кейін):
– Ағылшын тілі – бүкіл әлемнің ғылыми, мәдени, іскерлік қарым-қатынас құралы. Оны білу – болашаққа ашылған қақпа.

Жүргізуші 2 (түрік тобынан кейін):
– Түрік пен қазақ – түбі бір туыс халық. «Тіл – достықтың кілті» деген сөзді бүгін тағы да дәлелдеп отырмыз.

Жүргізуші 1 (үнді тобынан кейін):
– Үнді халқы бай өнерімен, сан қырлы мәдениетімен танымал. Тіл арқылы біз олардың да рухани байлығына қанығамыз.

2-Тур: «Өнер көрсетілімдері»
(Өнер көрсеткеннен кейін жүргізушілер қосымша сөз айтады.)

Жүргізуші 1:
– Әр халықтың өнері – сол ұлттың жүрегінің үні.

Жүргізуші 2:
– Ал тіл – сол өнерді жеткізетін алтын арқау.

3-Тур: «Ұлттық тағамдар»
(Тағамдарды таныстырғаннан кейін.)

Жүргізуші 1:
– Әр халықтың дастарқаны – сол елдің мәдениетінің айнасы.

Жүргізуші 2:
– «Тіл – татулықтың тірегі, дастарқан – берекенің тірегі» демекші, біз барлығымыздың мақсатымыз – бірлік пен ынтымақ.

Қорытынды
Жүргізуші 1:
– Бүгін біз тек тіл мерекесін емес, халықтар достығын да тойладық.

Жүргізуші 2:
– Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады». Сондықтан тілімізді қастерлеу – парызымыз.

Жүргізуші 1:
– Тіліміз аман болсын, достығымыз жарасымды болсын!

Барлығы бірге:
– Тіл жасасын! Достық жасасын!

Инстаграм желісінде видеоға сілтеме

https://www.instagram.com/reel/DO_N5MdjKnV/?igsh=MnJlZDJ4ZGVocjEz

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына «АБАЙЛАҢЫЗ-БАЛАЛАР!» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ- ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

5 қыркүйектен бастап 10-11-сыныптарда «Абайлаңыз, балалар!» республикалық жедел-профилактикалық жұмыстар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жыл сайын өткізілетін дәстүрлі «Абайлаңыз – балалар!» атты жедел- профилактикалық іс-шара мектебімізде биыл да жалғасын тапты.

Атап айтқанда ағымдағы жылдың қыркүйек айының 02-30 күндері бір ай көлемінде «Абайлаңыз - балалар!» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткі және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу мақсатында мектепте жүйелі түрде түсіндіру-профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Басты мақсаты – мектеп жасындағы жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алып, оқушыларға жол жүру ережелерін таныстырып қана қоймай, оларды жол жүру қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру, сондай-ақ балалардың түрлі жағдайда жарақат алуы мәселелеріне назарын аудару. Жаз бойғы демалыстан мектепке енді келген балалар тарапынан алғашқы уақытта жол қауіпсіздігіне деген немқұрайлылық, салғырттық болуы ықтимал. Осы уақытта жол жүру қауіпсіздігі ережелерін балалардың есіне тағы бір салып, мектеп оқушыларының амандығын сақтауға сынып жетекшілер түсіндірме жұмысын жүргізді.

Аталған іс-шаралар барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз қоғамдық орындарда жүруіне тыйым салынатыны, сондай-ақ түнгі клубтар, ойын-сауық орталықтары және қоғамдық демалыс орындарында жасөспірімдердің болуына қойылатын шектеулер туралы түсіндірілді.

Сонымен қатар, есірткі құралдарының, психотроптық және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысты қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік, олардың адам денсаулығына, өміріне және болашағына тигізетін зиянды әсері туралы кең көлемде мәлімет берілді. Оқушыларға күмәнді жағдайларда өздерін қалай ұстау керектігі, бейтаныс адамдардан кез келген заттарды алмау, сондай-ақ қауіп төнген жағдайда ересектерге және құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Байлығымыз – балалар! Келешегіміз де сол оқушылар. Ал олардың алаңсыз білім алып, қауіпсіз өмір сүруіне әрқайсымыз жауаптымыз. Сондықтан отбасында ата-ана, мектепте ұстаздар, ал жол бойында полиция қызметкерлері балаларымыздың санасына жол жүру ережелерін ұдайы сіңіріп, бағыт-бағдар беріп отырғаны абзал.

Түсіндіру жұмыстары барысында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқықбұзушылықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Аталған жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың құқықтық мәдениеті мен жеке қауіпсіздікке жауапкершілігі артып, құқық бұзушылыққа жол бермеу туралы түсініктері қалыптасты.


DOSTYQ
HIGH SCHOOL
Кукық қорғау


DOSTYQ
HIGH SCHOOL
Жиналыста
оқушыларға өз құқығын
қорғау және қауіпсіздік
ережелері туралы ақпарат беріледі

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына

"Менің Отаным-Қазақстан!" тақырыбында біріңғай сынып сағатының

Анықтамасы

2 қыркүйек күні 10-11-сыныптарда "Менің Отаным-Қазақстан!" тақырыбында біріңғай сынып сағаты өтті.

- Сынып сағатының мақсаты: білімге деген құндылықты қалыптастыру, Отаны үшін қажет және пайдалы болуға, белсенді өмірлік ұстанымды, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру. Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға бағдарлау;

- Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

- Нәтижесі: Біз Қазақстан Республикасының азаматы Отаным Қазақстанның дүние жүзінде алдыңғы қатарлы, әділетті, өркениетті ел болуы үшін сапалы білім аламыз мәдениетті адам боламыз. Туған халқымыздың ата-дәстүрін жалғастырамыз. Мемлекетімнің Президентін құрметтейміз. Конституциясымен заңдарын бұлжытпай орындаймыз, Елімнің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын сыйлап қастерлейміз. »

#Мектебім мейірім мекені
#Білім күні

Дайындаған
Төреахмет А.
Халиллула Н.

«Отбасы- тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбындағы сынып сағаттарының Анықтамасы

ОТБАСЫ КҮНІ

Биыл мерекенің жаңа тұжырымдамасы бекітілді. 2-8 қыркүйек аралығында Отбасы күніне арналған апталық өтті. Аптаның әр күні отбасылық дәстүрлер, ұрпақ саулығы, саналы ата-ана болу, отбасылық демалыс және басқа да тақырыптарға арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

Әр оқушы өз отбасы туралы видео түсіріп, отбасы суреттерін әлеуметтік желіге жариялады.

9 қыркүйек күні сыныптар арасында «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында сынып сағатын өтті.

Мақсаты :Отбасы мүшелерін әрқашан құрметтеп , сыйлауға тәрбиелеу.Оқушыларға отбасы ұғымын түсіндіре отырып,құндылықтарын үйрету. Отбасындағы жарастықты,сыйластықты қарым -қатынасының дамуына ықпал ету.

Сынып жетекші:

10-11-сыныптар арасында **«Отбасы – шағын мемлекет» тақырыбында сынып сағаттарын өтті.**

Сынып сағатының мақсаты:

1) Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау;

2) Отбасы - Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын арттыру;

3) Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады.Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев

Отбасы – адам баласының діңгегі. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Оқушыларды отбасының бірлігін сақтап, ата - ананың алдындағы парызын өтеуге, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылып отырған тәрбиелік шараны ашайық!

-Адамзат бесігін тербеткен ұя

-Үлгі – өнеге бастауы

-Жағымды қасиеттерге баулиды

Жүректен жүрекке.

Жүрекшеге тілек жазып балалар ата - аналарына, ұстаздарына береді.

Нәтижесі: А. С. Макаренконың «Балаға берілген дұрыс тәрбие - бұл бақытты қарттық, ал нашар тәрбие - біздің болашақтағы сорымыз, біздің көз жасымыз» деген ұлағатты сөзінің мағынасын түсінді.

Дайындаған
Төреахмет А.
Халиллула Н.

Апта дәйексөзі: «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»

«Мектеп формасы» туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстардың Анықтамасы

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА МЕКТЕП ФОРМАСЫ
9 қыркүйек 2025 жыл

2025-2026 оқу жылында Оқу ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды енгізді.
Бүгінгі таңда мектеп формасының ролі қандай?
Мектеп формасы әлеуметтік теңсіздік болмау үшін, сонымен қатар классикалық үлгідегі психологиялық деңгейде тәртіпке шақырып, үлкен өмірге дайындайды.
Мектеп формасының тағы да бір пайдасы-қол жетімділігінде. Оларды кез-келген дүкендерден сатып алуға болады.
Барлық жалпы білім беретін мектептерінде міндетті талаптардың бірі біріңғай мектеп формасын кию болып табылады.
Қорғаншылық кеңестің келісімі бойынша мектеп директорының бұйрығымен оны кию тәртібі бекітіледі.
Ұлдардың мектеп формасы:
пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күртке , поло жейде немесе тенниска, (қысқы мезгілде трикотаж жилет, водолазка.) Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.
Қыздардың мектеп формасы:
пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте, кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта , трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.
Сайып келгенде мектеп формасы оқушыларды тәртіпке, адамгершілікке, өзін басқалармен тең сезінуіне , тазалық пен ұқыптылыққа , жауапкершілік пен сымбаттылыққа баулиды.

Дайындаған
Төреахмет А.
Халиллула Н.

"Отбасым –менің мерейім" ұлттық құндылықтар оқушылар көзімен тақырыбындағы тренингтің
Анықтамасы

11 Қыркүйекте 10-11-сыныптарда Отбасы күніне орай "Отбасым –менің мерейім" ұлттық құндылықтар оқушылар көзімен тақырыбында мектеп оқушыларына мектеп педагог-психолог Әбдуқадыр Гаухар тренинг өткізді.

- **Мақсаты:** Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу. Балалардың өз отбасына арнаған ыстық лебізін, жүрек жарды тілегін жеткізу, үйрету.
- Отбасы және отбасылық құндылықтар – кез-келген адамның өмірі құрылатын маңызды іргетас. Жеке тұлғаны қалыптастыру отбасында басталады: отбасылық құндылықтар біртұтас табиғаттың үйлесімді дамуы үшін қажетті дағдыларды қалыптастырады.

Тренинг барысында оқушылар ең маңызды отбасылық құндылықтар туралы әңгімелеп, өз отбасылары туралы презентациялар дайындады, кіші топтарда “Мінсіз отбасы” тақырыбында кластер құрастырды, “Әзілмен және байыпты” викторинасын өткізді және тренинг соңында идеалды отбасының үйін салды.

Бақытты, қуанышты отбасылық өмір – бұл кездейсоқтық емес, еңбек пен таңдауға негізделген үлкен жетістік. Отбасын құру – көп уақытты, шығындарды, күш-жігерді, энергияны қажет ететін жауапты әрекет. Бірақ бұл лайықты іс, бұл біздің өмірдегі басты ісіміз. Біздің іс-әрекеттеріміз құрметке лайық болғанын қалаймыз.

Дайындаған
Төреахмет А. К.

ЖШС “Dostyk school shymkent” мектебінд “Менің өмірімдегі Конституция” атты челленджіне АНЫҚТАМА

2025 жылғы 12 қыркүйекте Шымкент қаласы, ЖШС “Dostyk school shymkent” мектебінде Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және Конституцияның қоғамдағы маңызын түсіндіру мақсатында “Менің өмірімдегі Конституция” атты челлендж ұйымдастырылып, өткізілді.

Челлендж аясында оқушылар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген негізгі құқықтар мен бостандықтар, азаматтардың міндеттері, заң мен тәртіптің қоғамдағы рөлі туралы өз ой-пікірлерін бейнероликтер, эссе, сурет, постер және әлеуметтік желі жазбалары арқылы білдірді. Оқушылар Конституцияның күнделікті өмірдегі — білім алу, пікір айту, қауіпсіз ортада өмір сүру, еңбек ету, өз құқықтарын қорғау сияқты салалардағы рөлін нақты мысалдармен көрсетті.

Іс-шара оқушылардың заңға деген құрметін арттыруға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және өз құқықтары мен міндеттерін саналы түрде орындауға бағытталды. Челлендж барысында оқушылар белсенділік танытып, азаматтық позицияларын көрсетті.

Челлендж қорытындысы бойынша оқушылардың құқықтық сауаттылығының артқаны және Конституцияның әрбір азаматтың өміріндегі маңызды құжат екендігіне көз жеткізгені байқалды.





Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қарым-қатынастың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу (10,11 сынып қыздары) арасында психологиялық ағарту және алдын алу жұмыстарының анықтамасы

Тақырыбы: Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қарым-қатынастың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу (10,11 сынып қыздары арасында)

1. **Мақсаты:** Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу,күйзелісті басқара білу және психикалық денсаулықты сақтау
2. **Күні: 15 .09.2025**
3. **Қатысушылар:**
4. 1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет
5. 2. Педагог – психолог – Г.Ә.Әбдуқадыр
6. 3.Мектеп медбикесі- Э.О.Базарбек
7. Сыныптар : 10-11 сынып оқушылары
8. Тақырып бойынша сөз кезегін педагог -психолог – Г.Ә.Әбдуқадыр бастады.
   Кибербуллинг - бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту.Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу бағдарламаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін. Кибербуллинг- әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және лездік хабарламалар қосымшалары арқылы интернеттегі психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі, қорқыту, қорлау. Балаларға арналған кеңестер. Желіде болған кезде сыпайы және мейірімді болыңыз. Өз құрдастарыңа жағымды хабарламалар, күлімсіреу немесе бестік жіберу арқылы қолдау
1. Репродуктивті психикалық денсаулық тақырып бойынша мектеп медбикесі- Э.О.Базарбек түсіндіру жұмысын бастады, түсіндірме жұмыстырын жүргізді — адамның жыныстық және репродуктивті өміріндегі (етеккір, жыныстық қатынас, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезең) эмоционалдық, психологиялық және әлеуметтік саулығын қамтиды.

Неге ол маңызды?

•Өзін-өзі бағалау, дене бейнесі, жыныстық қатынасқа қатысты түсінік пен сенімдер қалыптасады. Қорқыныш, стресс, депрессия, мәдени қысым сияқты факторлар жасөспірімдер мен жастардың шешім қабылдауына әсер етеді. Денсаулықты сақтау адамның болашақтағы ата-ана рөліне де әсер етеді.

Психикалық денсаулыққа әсер ететін факторлар

- Отбасы қолдауы
- Дұрыс жыныстық білім
- Қауіпсіз қарым-қатынас үлгілері
- Өзін-өзі тану және шекара қою дағдылары
- Кибербуллинг, әлеуметтік желі қысымы
- Травмалар (зорлық, қақтығыс, т.б.)

Ерте жүктілік деген не және оның салдары

Ерте жүктілік — 10–19 жас аралығындағы жасөспірімдердің жүктілігі. Салдары

Медициналық: Анемия, қан кету, жоғары қан қысымы, ерте босану қаупі Психикалық күйзеліс, босанғаннан кейінгі депрессия. Жасөспірім үшін психологиялық ауыртпалық Ерте жүктіліктің алдын алу жолдары Жыныстық-ағартушылық білім

- Денені білу, етеккір циклі
- Жыныстық қатынас, контрацепция туралы дұрыс ақпарат
- Шекара қою және “жоқ” деп айту дағдылары

3) Отбасымен және мамандармен ашық сөйлесу

- Психолог
- Дәрігер-гинеколог
- Сенімді ересектер
- Мектеп және жастар орталықтары

4) Өзін-өзі бағалауды күшейту

- Эмоцияларды басқару.Құрдастар қысымына қарсы тұра білу.Болашаққа мақсат қою (оқу, мансап) зорлық-зомбылықтың алдын алу, онлайн қауіпсіздік дұрыс қарым-қатынас мәдениетін дамыту жасөспірімдерге арналған психологиялық қолдау
- Қысымсыз, сенімді атмосфера құру
- Қажет болса жасөспірім психологына жүгіну
- Өзін-өзі реттеу дағдыларын үйрету (mindfulness, эмоцияны айту)

Педагог-психолог Г.Ә.Әбдуқадыр


Егер сен кибербуллингке тап болсаң,
не істеу керек?



«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында **«Мамандықтар әлемі»** АНЫҚТАМА

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 16 күні оқушылар арасында еңбекке құрметті қалыптастыру, кәсіби бағдар беру және саналы мамандық таңдауға бағыттау мақсатында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға әртүрлі мамандықтардың қоғамдағы орны мен маңызы, еңбек адамының беделі, адал еңбек арқылы табысқа жетудің маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес болашақ мамандық таңдаудың жолдары туралы ақпарат алды.

Шара интерактивті сұхбат, пікір алмасу және танымдық тапсырмалар арқылы ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігі арттырылды. Нәтижесінде оқушылардың еңбекке деген оң көзқарасы қалыптасып, мамандық таңдауға деген жауапкершілігі артқаны байқалды.





«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай **«Адалдық – атадан қалған мұра»** тақырыбында адалдық сағатының АНЫҚТАМАСЫ

«Адалдық – атадан қалған мұра» тақырыбында ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдыққа тәрбиелеу мақсатында мектепте адалдық сағаты өткізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға адалдық ұғымының қоғамдағы және жеке өмірдегі рөлі түсіндіріліп, ата-бабадан қалған моральдық құндылықтар мен адамгершілік дәстүрлер туралы әңгімелер ұсынылды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға, мемлекетке және жеке тұлғаға тигізетін зиянды салдары талқыланып, заңнамалық негіздерімен таныстырылды.

Адалдық сағаты оқушылардың этикалық санасын дамытуға, құқықтық мәдениетін арттыруға және өз әрекеттерінде адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануға тәрбиелеуге бағытталды. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, ой бөлісті, сұрақтар қойып, адалдыққа байланысты нақты мысалдармен тәжірибе алмасты.

Нәтижесінде оқушылардың адалдыққа, әділдікке және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдары нығайып, ұрпақтар сабақтастығын сақтау қажеттігіне көз жеткізілді.





БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі
Тәрбие жұмысының қазан айына арналған іс-шара жоспары
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
	1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!		
1	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында **«Дублер»** күнін өткізу	02.10.2025ж	Н.Ә.Амангелдиев
2	**«Шабыт»** жобасы аясында **«Даналық ұстаздан»**атты челлендж	03.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Н.Ә.Амангелдиев
3	**«Шабыт»** жобасы аясында **«Ұстазым – ұлағатым, үлгі - өнегем»** тақырыбында мерекелік іс-шара	03.10.2025ж	Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілер
4	Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға **«Қазақтың батыр қыздары»** тақырыбында Ә. Молдағұлова мен М.Мәметованың құрметіне іс-шара өткізу	7.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
	2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!		
7	Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың** туғанына **180 жыл**	13.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
8	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 10-11 сыныптың оқушы қыздарымен психологиялық әңгімелер, тренингтер өткізу	14.10.2025ж	Г.Ә.Әбдуқадыр мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп *(келісім бойынша)*
9	Құқықбұзушылықтың алдын-алу *(буллинг, бопсалау, өзге де қысым көрсету фактілері, жыныстық қылмыстар, есірткі пайдалану және т.б., сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, қылмыстық әрекеттер)* бойынша тиісті уәкілетті органдардың оның ішінде құқық қорғау	15.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер

	органдардың оның ішінде құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп шаралар өткізу		
8	**«Кітапқұмарлар»** жобасы аясында **«15 минут оқу»** кітап оқу уақыты	17.10.2025ж	Үйірме жетекшісі Болатова А.
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!			
8	**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** Терроризмге қарсы іс-шаралар мектеп сайтына жариялау	20.10.2025ж	Г.Ә.Әбдуқадыр Информатика пәні мұғалімдері
9	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында **«Күзгі асар»** жәрмеңкесі	21.10.2025ж	Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілер
10	Түнгі мезгілде жасөспірімдердің заңсыз өкілінсіз жүруін және ойын-сауық орындарында болуын, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату деректерін анықтау және жол бермеуге бағытталған және қараусыз қалған қауіпті нысандарды, ғимараттарды анықтау барысында рейдтік іс-шараларды жүргізу	22.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер, мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп *(келісім бойынша)*
11	Жасөсірімдер арасындағы қылмыстың алдын-алу мақсатында жедел аухалды ескере отырып, **«Жасөспірім және Заң», «Отбасы», «Әр бала –назарда!»** атты акциялар өткізу	23.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!			
12	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» **«Менің Отаным – Қазақстан»**	24.10.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
13	**«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында **«Демалыста кітап оқимыз!»**	27.10.2025ж	С.А.Бериковна Сынып жетекшілер
14	30 қазан - Алкогольмен күрес күні **«Нашақорлыққа, алкоголизмге, темекі шегуге жол жоқ!»**	29.10.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Биология пән мұғалімі Э.О.Базарбек

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

Dostyk School Shymkent
Қазан айының айлық есебі

1	Қарттар күні 	01.10 күні ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ. Бүгін мектебімізде 1 қазан - Халықаралық қарттар күніне арналған өткеннің өнегесін ұлттық құндылығымызға тәрбиемізге аса маңызды әсер ететін адам ретінде оқушылар ата-әжелеріне жылы лебіздерін жолдады Халқымызда «Қариясы бар ел – қазыналы ел» деген тағылымды сөз бар. Біз әрқашан қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған текті елдің ұрпағымыз. Әркез алдыңғы буын аға-апаларымыздың ел дамуы жолындағы ерен ерлігі мен қажырлы еңбегін үлгі тұтамыз. Іс-шарада мектеп оқушылары және “Өзін-өзі басқару” ұйымы әсем әндер, әдеби монтаждар орындап көрермен көзайымына айналды. Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын!
2	«ДАНАЛЫҚ ҰСТАЗДАН» 	02.10 күні »ДАНАЛЫҚ ҰСТАЗДАН» ЧЕЛЛЕНДЖІ Dostyk School Shymkent мектебінде ұстаздар мерекесіне орай, “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізіндегі “Шабыт” жобасы аясында «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды.Челленджге мектеп оқушылары қатысты. «Ұстаз тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар қоғамда еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық және тәрбиелілік сынды қасиеттерді қалыптастыратын көшбасшылықтың үлгісі. «Даналық ұстаздан» челленджі педагогтердің ұрпаққа сіңірген еңбегіне ризашылығымыз бен құрметімізді көрсетеді.
3	Ұстаз 	03.10 күні ШӘКІРТТЕРІМІЗ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ Dostyk School Shymkent мектебінің шәкірттері барша ұстаздар қауымын “Ұстаздар күні” мерекесімен құттықтауда. «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізіліп, ұстасздарға құрмет көрсетілді. Шәкірттерімізді жақсылыққа, ізгілікке баулып жүрген ата-аналарына, сынып жетекшілеріне, ұстаздар қауымына шексіз алғысымызды білдіреміз!
4	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС- ҚОҒАМ ТАЛАБЫ	03.10 күні СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС- ҚОҒАМ ТАЛАБЫ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан жіберілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ережелері, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін жаднамалар мен хабарламалар мектеп қызметкерлеріне таратылып, таныстырылып, жиналыс өткізілді.

		
5		03.10. күні «БАЛА ҚҰҚЫҒЫ-БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ» Шымкент қаласы ЖШС Dostyk School Shymkent мектебінде 03.10.24ж күні бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін көтеру мақсатында суицид пен буллингтің алдын алу, ұялы телефондағы ойындардың бала өміріне қаупі «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу», Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсіністеушіліктің алдын алу, ата-аналармен жиналыс болды. Жиналыста әр сыныптың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
6		03.10 күні «ДУБЛЕР КҮНІ» керемет әсер сыйлады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының арнайы бастамасымен Шымкент қаласы ЖШС Dostyk School Shymkent мектебінде Ұстаздар күніне орай «Дублер күні» өтілді. Басты мақсат - мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының қызметін жандандыру, оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту.
7		Шымкент қаласы ЖШС Dostyk School Shymkent мектебінде Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жылдығына Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай 10–11 сынып оқушылары арасында тәрбие жоспарына сәйкес бірқатар іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың мақсаты – оқушыларды Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау, көркем сөз оқу мәдениетін қалыптастыру. Атаулы дата аясында: – Абай шығармалары бойынша мәнерлеп оқу сайысы; – Ақынның өмірі мен мұрасына арналған танымдық іс-шара; – Абай еңбектері мен ол туралы әдебиеттерді қамтыған кітап көрмесі; – Абайдың қара сөздері мен өсиеттерін талқылауға арналған кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, Абайдың рухани мұрасына деген қызығушылықтары артты. Өткізілген жұмыстар оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және рухани тәрбиесін нығайтуға оң ықпал етті.
8		13.10 күні БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ Шымкент қаласы ЖШС Dostyk School Shymkent мектебінде 2025 жылдың 07 қазан күні «БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ» тақырыбындағы айлық іс-шара барысында «Жасөспірімдер арасында адам өміріне зиян келтіретін заттарды тасып жүрудің алдын алу» мақсатында оқушыларымен «Абай бол» тақырыбында "Суық қаруға жол жоқ!" петицияға қол қою, профилактикалық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында профилактикалық түсіндіру жұмыстары, оқушыларға рейд жүргізілді. Мақсаты: кәмелетке толмағандардың арасындағы және оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алуы, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы, өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін болдырмау және өмір қауіпсіздігін сақтау.
9	«Балалар кітапханасы»	08.10 күні Dostyk School Shymkent мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылар мектеп кітапханасымен жақын танысты. Кітапханашы оқушыларға кітапхана туралы, абонемент, оқу залы, кітапхана туралы толық мағлұмат берді. Сондай-ақ іс-шара барысында оқырмандарға

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тренинг, кездесу және құқықтық сағат ұйымдастырылып, «Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбында сынып сағаты өткізілген Анықтама

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын дамыту, сондай-ақ құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру болып табылады.

Іс-шара барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның қоғамға, мемлекетке және жеке тұлғаға тигізетін кері әсері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сыбайлас жемқорлықтың түрлері, оның туындау себептері және заң алдындағы жауапкершілік мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, адал еңбек ету, заңды сақтау, өз әрекетіне жауап беру ұстанымдарының маңызы ерекше атап өтілді.

Тренинг пен құқықтық сағат барысында оқушыларға түрлі өмірлік жағдайлар ұсынылып, оларды адал және әділ шешу жолдары қарастырылды. Пікірталас, сұрақ-жауап, жағдаяттарды талдау арқылы оқушылардың сыни ойлауы мен азаматтық позициясы қалыптастырылды.

«Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» атты сынып сағаты барысында адал болудың, парақорлықтан аулақ жүрудің, қоғам алдында таза болудың адам өміріндегі рөлі туралы әңгіме өрбіді. Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, жеке ұстанымдарын қалыптастырды.

Іс-шараның нәтижесінде білім алушылардың құқықтық мәдениеті артып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасы нығайды. Оқушылар адалдық пен әділдік қоғамның тұрақты дамуының негізі екенін түсініп, өз әрекеттерінде заңға және ар-ұятқа сүйену қажеттігін ұғынды.



«Dostyq school shymkent» мектебіндегі «Welcome party» – жаңа оқушыларды мектеп ұжымына бейімдеу және психологиялық қолдау іс-шарасының Анықтамасы

Жаңа білім алушыларды мектеп ұжымына бейімдеу, достық қарым-қатынас қалыптастыру және жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында «Welcome party» іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шараға оқушылар белсенді қатысып, бағдарлама қыздар және ұлдар тобы бойынша жеке ұйымдастырылды. Қыздар үшін бал-маскарад форматында мерекелік кеш өткізіліп, қатысушылар сәнді образдарымен шығып, көңілді ортада уақыт өткізді. Сонымен қатар, интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың ойлау қабілеті мен тапқырлығы сыналды. Тамақтану ұйымдастырылып, қатысушыларға жайлы әрі еркін орта қалыптастырылды. Кеш соңында лотерея өткізіліп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ұлдар үшін спорттық және танымдық бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Футбол ойыны арқылы командалық рух пен өзара ынтымақтастық қалыптастырылды. Сонымен қатар, ортақ дастархан жайылып, палау ұсынылды. Іс-шара соңында лотерея ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділікпен қатысты.

«Welcome party» барысында оқушылар бір-бірімен жақынырақ танысып, жаңа ортаға тез бейімделуге мүмкіндік алды. Іс-шара достық, сыйластық және ынтымақтастық атмосферасында өтті.

Нәтижесінде жаңа білім алушылардың мектепке деген оң көзқарасы қалыптасып, ұжымға сіңісуі жеңілдеді. «Welcome party» мектептегі тәрбиелік және психологиялық қолдау жұмыстарының тиімді формасы ретінде өз маңызын көрсетті.


Christy Altomare · Once Upon a Decembe
Welcome party
астайым-ыз
WELCOME PART
қош келдіңіздер!


Kah


adidas


UEFA, Tony Britten · UEFA Champions Lea



Сынып сағаты: «Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл»

18.11.2025ж.10 «Г» сыныбында «Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты

- Оқушыларға Міржақып Дулатовтың өмірбаянын таныстырып, оның шығармашылығын түсіндіру;
- Ақынның азаматтық-ұлттық тақырыптағы өлеңдерімен және роман-тұжырымымен жұмыс жасау арқылы ой толғауға, талдауға баулу;
- Ұлтжандылық, тілге, әдебиетке құрмет сезімін қалыптастыру.







ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Тақырыбы:
Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 10–11 сынып оқушы қыздарымен психологиялық әңгімелер мен тренингтер өткізу
Өткізілген күні: «28».11.2025 ж.
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушы қыздары
КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қыз балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.
2. Қауіпті мінез-құлықтың психологиялық себептері.
3. Жеке қауіпсіздік, жауапкершілік және дұрыс таңдау.
4. Психологиялық тренингтер өткізу.

Тыңдалды:
Педагог-психолог оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында психологиялық әңгіме жүргізіп, жасөспірім қыздар арасында жиі кездесетін тәуекелді жағдайлар, эмоционалдық тұрақтылық, қысымға қарсы тұру және қауіпсіз мінез-құлық туралы түсіндірді.
Өткізілген тренинг жоспары

Тренинг тақырыбы:
«Қауіпсіз мінез-құлық және жауапты таңдау»
Мақсаты:
Қыз балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өзін-өзі қорғау және жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Ұзақтығы: 45–60 минут
Тренинг кезеңдері:
1. Кіріспе бөлім (5–7 минут)
– Психологиялық ахуал қалыптастыру
– Қатысушылармен ереже қабылдау
2. Психологиялық әңгіме (8–10 минут)
– Қауіп төндіретін орта
– Құқық бұзушылықтың салдары
– «Жоқ» деп айта білу маңызы
3. Тренингтік жаттығулар (20–25 минут)
– «Менің шекарам»
– «Таңдау және салдар»
– «Жоқ деп айта аламын» (рөлдік ойын)

4. Қорытынды және кері байланыс (5–8 минут)
– «Бүгін мен білдім…»
– Қорытындылау

СӨЙЛЕГЕНДЕР:
Оқушылар тренинг барысында белсенділік танытып, өз пікірлерін еркін білдірді.
ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қыз балалармен профилактикалық психологиялық жұмыстарды тұрақты жүргізу.
2. Қауіп тобына жататын оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру.
3. Ата-аналармен бірлескен түсіндіру жұмыстарын күшейту.

—

Орындаға: Педагог – психолог : Әбдуқадыр Г.Ә.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ЖОСПАРЫ (45–60 минут)

Тақырыбы:
Қыз балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Мақсаты:
Құқық бұзушылыққа әкелетін қауіпті жағдайларды тану;
Өзін-өзі қорғау, жеке шекараны сақтау;
Дұрыс шешім қабылдау және жауапкершілікті арттыру.
Міндеттері:
Өмірлік жағдайларды талдау;
Эмоцияны басқару және қысымға қарсы тұру;
Өз құқығы мен міндетін түсіндіру.
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушы қыздары
Ұзақтығы: 45–60 минут
Өткізуші: педагог-психолог

ТРЕНИНГ БАРЫСЫ

1-кезең. Кіріспе (5–7 минут)
Психологиялық ахуал қалыптастыру
◈ Жаттығу: «Шеңбердегі танысу»
–Әр оқушы өз есімін айтып, «Мен үшін қауіпсіздік деген…» деп бір сөзбен аяқтайды.
◈ Ереже қабылдау:
–Ашық пікір
–Бірін-бірі сыйлау
–Құпиялылық
2-кезең. Ақпараттық бөлім (8–10 минут)
Психологиялық әңгіме

Талқыланатын мәселелер:
– Жасөспірім қыздар арасында жиі кездесетін қауіптер;
– Құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайлар (дос ықпалы, түнгі уақыт, әлеуметтік желі);
– «Жоқ» деп айта алмаудың салдары.
Қысқа сұрақтар:
– Қауіпті жағдайды қалай тануға болады?
– Қандай орта сен үшін қауіпті?
3-кезең. Негізгі тренинг бөлімі (20–25 минут)
◈ Жаттығу 1: «Менің шекарам» (7 минут)
Мақсаты: жеке шекараны түсіну
– Оқушыларға өмірлік жағдаяттар айтылады (түнде шақыру, бейтаныс ұсыныс).
– «Бұл жағдайда мен не істеймін?» деген сұраққа жауап береді.

◈ Жаттығу 2: «Таңдау және салдар» (8–10 минут)
Мақсаты: жауапкершілікті сезіну
– 3 жағдаят ұсынылады (мысалы: түнгі клубқа шақыру).
– 3 нұсқа: дұрыс / тәуекел / заң бұзуға жақын.
– Әр таңдаудың салдары талданады.
◈ Жаттығу 3: «Жоқ деп айта аламын» (5–7 минут)
Мақсаты: сенімділік
– Рөлдік ойын
– Бірі – қысым көрсетуші, бірі – өзін қорғайды
– «Жоқ» деп айту формалары үйретіледі.
4-кезең. Қорытынды және кері байланыс (5–8 минут)
◈ Жаттығу: «Бір қадам алға»
– «Бүгін мен білдім…»
– «Мен өзімді қауіпсіз ұстау үшін…»
◈ Қорытынды сөз:
– Қыз баланың қауіпсіздігі – өз қолында
– Әр таңдау – болашаққа әсер етеді

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

– Оқушылардың құқықтық және психологиялық сауаттылығы артады;
– Қауіпті мінез-құлыққа қарсы дағдылар қалыптасады;
– Өзін-өзі бағалау мен жауапкершілік күшейеді.

Сынып сағаты: «Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл»

11«Е» сыныбында «Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: -Оқушыларға Сапарғали Бегалиннің өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет беру. -Жазушының қазақ әдебиетіндегі орны мен шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру. -Оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту. -Қазақтың көрнекті қаламгерлерін құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.





ҚР Шымкент қаласы
«Dostyk school Shymkent»
жауапкершілгі шектеулі
серіктестігі

РК город Шымкент
Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Dostyk school Shymkent»

Хаттама

«Өмірге салауатты қадам» тақырыбы

Күні: 21.11.2025 ж

Іс-шараның бағыты: Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу

2025 жылғы 21 қарашада «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдерге синтетикалық есірткінің зияны туралы жан-жақты ақпарат беру, салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық жауапкершілік туралы түсіндіру және зиянды әдеттердің алдын алу.

Іс-шара барысында түсіндірме әңгіме, ақпараттық баяндама, бейнематериал көрсетілімі және сұрақ-жауап ұйымдастырылды. Қатысушыларға синтетикалық есірткінің адам денсаулығына, психикасына және әлеуметтік өміріне тигізетін кері әсері, сондай-ақ құқықтық салдары туралы мәлімет берілді.

Қорытындысында қатысушылар салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсініп, зиянды әдеттерден аулақ болу қажеттігі жөнінде ой түйді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

Мектеп директоры;Сексенов А.Б _____
Мектеп психологі; Әбдуқадыр Г.Ә. _____
Мектеп медбикесі; Базарбек Э.О _____

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі

Тәрбие жұмысының желтоқсан айына арналған іс-шара жоспары

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады			
1	Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз балалар!»** апталығы *(мұздан абайла!)* аясында **“Өмір қаіпсіздігі”** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, техника қауіпсіздік журанлына тіпкеу, таныстыру	01-05.12.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
2	Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ *(ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.)* балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру	01-05.12.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Э.О.Базарбек
3	«Адалдық ар намыс пен адамгершілік жолы» 10 сынып сағаты	8.12.2025ж	10 Сынып жетекшілер
4	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» челлендж	5.12.2025ж	Өзін-өзі басқару ұйымы
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді			
5	**«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында **«Білім кілті - кітапхана»**	9.12.2025ж	С.А.Бериковна
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас			
7	**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту, тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу. Тақырыпқа сай бейнероликтер көрсету, талқылау, анықтама	17.12.2025ж	Информатика пәні мұғалімдері 10-11сынып жетекшілері
8	**«Кітапқұмар»** жобасы аясында **«Аптаның кітабы»** кітап оқу уақыты	17.12.2025ж	Жоба жетекшісі Болатова А.

9	«Тәуелсіздік тұғырым» тәуелсіздік күніне іс-шара	18.12.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Н.Ә.Амангелдиев
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған			
10	**«Ойынға салауатты көзқарас»** Лудоманияның алдын алу шараларын ұйымдастыру	22.12.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр
11	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу , профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	23.12.2025ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
12	Түнгі мезгілде жасөспірімдердің заңсыз өкілінсіз жүруін және ойын-сауық орындарында болуын, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату деректерін анықтау және жол бермеуге бағытталған және қараусыз қалған қауіпті нысандарды, ғимараттарды анықтау барысында рейдтік іс-шараларды жүргізу	24.12.2025ж	Мобильдік топ мүшелері
13	«Қош келдің жаңа-жыл!» жаңа-жылдық ертеңгіліктер	25.12.2025ж	Н.Ә.Амангелдиев

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

«Абайлаңыз, балалар!» апталығы (мұздан абайла!) аясында өткізілген тәрбие сағаттары Анықтамасы

Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз, балалар!» апталығы (мұздан абайла!) аясында әр сыныпта 10 минуттық тәрбие сағатында сынып жетекшілердің түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Сынып жетекшілері «Өмір қауіпсіздігі» тақырыбында оқушыларға қыс мезгіліндегі қауіп-қатерлер: тайғақ жерлерде абай болу, мұздан сырғанау кезінде сақтық шаралары, көшеде және үйде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, техника қауіпсіздігі журналдарымен таныстырып, өмірлік маңызды ережелерді сақтау маңыздылығын түсіндірді.

Түсіндірме барысында оқушыларға нақты мысалдар келтіріліп, қауіп-қатерден қалай қорғану керектігі қысқаша көрсетілді. Оқушылар белсенділік танытып, сұрақ қойып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Осы іс-шара нәтижесінде әр сынып оқушыларының қауіпсіздік мәдениеті артты, қысқы кезеңдегі абай болу дағдылары нығайды және жолдағы, үйдегі, мектептегі қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиеленді.



Тақырыбы: «Өмір қауіпсіздігі басты назарда болсын»
Сыныбы: 10 «В»
Күні:1.12.2025
Сынып кураторы: Жамалбеков А.
Мақсаты:

Төтенше жағдайларда іс-қимылдарын ұйымдастырудағы білімді үгіт-насихаттауды күшейту мақсатында –болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне , төңіректегілерге жәрдем көрсетуге үйретудің қарапайым жолдарын меңгерту; Өрттен , жер сілкінісі , боран , үсік шалу , мұздақта жүру , зардап шегушілерге қамқорлық жасап , әдепті болу , жедел жәрдем келгенге дейін зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету;Топпен жұмыстануға дағдыларын дамыту.

Бөлім:	бірлік және ынтымақ айы	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Жамалбеков А.	
Күні:	1.12.2025	
Сынып: 19	Қатысушылар саны:16	Қатыспағандар саны:3
Тәрбие тақырыбы	«Өмір қауіпсіздігін сақтау әрқайсымызға міндет»	
Мақсаттары	Қауіпсіздік жағдайлары мен алдын алу шараларын ұғындыру. Елі мен жерін қорғаудың алдын алу шараларына тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	**Педагогтың әрекеті**	**Оқушылардың әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар.Қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып келеді. Адамның ең негізгі мақсаты ол — өмірді сақтап қалу, өйткені ол құнсыз. Адам осы өмірдегі өмір сүру мағынасын іздейді, жоспар құрайды, сол жоспарларды іске асыру үшін жасайды және үйренеді. Қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық (слайд арқылы көрсету) 1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт 2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара 3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт 4. Егер, жаяу жүргіншілрге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге	Оқушыларға презентация көрсетіледі. Белгі, Автобус,Ғарышкер, Ауди,Жасыл, Аурухана, шина, Жолаушы, аялдама **Қағазда жазылған сөзді ыммен түсіндіру.**		Оқушыларға презентация көрсетіледі

	тиісті. 5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. 6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме. 7. Машинадантүскендеартынанайналыпөтукерек.			
Сабақтың ортасы	Адамның ең негізгі мақсаты, ол - өмірді сақтап қалу. Көп жағдайларда адамның өз өмірін және жақындарының өмірін сақтап қалуы қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Мысалы, төтенше жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету және өзін қалай ұстау керектігін білу. Сондықтан өмір қауіпсіздігі ережелерін білу өте маңызды. Төтенше жағдай болған кезде сабырлық сақтап, қасыңыздағы адамға жасаған көмегіңіз оның өмірін сақтап қалуына мүмкіндік жасайды. Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану- біздің міндетіміз.	Таратпа материалдармен жұмыс Оқушыларға Өрт қауіпсіздігінсақтау Судағы қауіпсіздікті сақтау. Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздікті сақтау. **Постер құру** Оқушылар постер құрып, қорғайды. **Жағдаяттық сұрақтар** Қалташалардың ішіндегі сұрақтарға жауап береміз. 1.Сен үйде жалғыз қалдың. Ата –анаң қонаққа кетті. Кенет электр тоғының пышырлап жана бастағанын байқадың. Не істер едің? 2. Үйге көп қонақ келді. Қонақтар шай ішіп болған соң үлкен кісілер шылым шегуге сыртқа шықты. Сөйтті де бір кісінің шеккен шылымының сөнбей қалған тұқылынан жердегі құраған шөп жана бастады. Мұндай жағдайда не істейсің? 3.Үйге анаң от жағып, өзі далаға шығып кетті.Жанып жатқан пештің есігі ашылып		Интерб елсенді тақта/ компью тер

		кетіп, ішінен жанған от түсіп кетті.Сен не істер едің? 4.Сен сабаққа келгенде сыныптасың оттық ұстап жүргенін көрдің. Мұндай жағдайда не істер едің? 5. Анаң үтікті қосып қойып, ұмытып далаға шығып кетті. Ондай жағдайда сен не істер едің? 6. Сен үйде жалғыз отырғанда жер сілкінісі болды. Мұндай жағдайда сен не істер едің?		
Сабақтың соңы	От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымыз да піспейді, үйіміз де жылымайды. Бірақ кей жағдайда өзіміздің ұқыпсыздығымыздан өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз. Сол себепті оқушылар өміріміздің қауіпсіздігі біз үшін өте маңызды.	Оқушыларға қаупсіздік ережелері жазылған скикерлер таратылады. Оқушылар скикерді оқиды және бір ауыз сөзбен түйін жасайды.		презентация

ЖШС «**Dostyk school Shymkent**» мектебі

Аутодеструктивті мінез-құлықтың және буллинг, кибербуллингтің алдын-алу психологиялық ағарту және алдын алу жұмыстарының анықтамасы

Тақырыбы: Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қарым-қатынастың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу (10,11 сынып қыздары арасында)
Мақсаты: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту
Күні: 05.12.2025
Қатысушылар:
1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет
2. Педагог – психологтер – Әбдуқадыр Г.Ә.
Сыныптар : 10-11 сынып оқушылары

«**Аутодеструктив**»сөзі латын тілінен «қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы» деп аударылады.
Аутодеструктивті әрекеттер, яғни ол алкоголь, темекі мен есірткі заттарын қабылдап, денсаулығына және психикасына зиян келтіруі, ішкі эмоционалды қуатын шығару негізінде, адамның өз-өзіне қол жұмсау себебіне соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай деп қарастырамыз.Аутодеструктивті міңез-құлық қалыпты дамуға, адамның психологиясына кері әсері етеді. Яғни, суицид ауырыжастар арасында мұндай дерттің кеңінен таралуы алаңдатарлық жағдай. Жалпы, жасөспірімдік кезең-адамның тұлға болып қалып тасуына әсер ететін маңызды фактор екенің түсінікті. Бұл кезең де олар нәзік жанды, тез уайымдауға, сәтсіздікке берілгіш болып келеді. Ал жеткіншектік шаққа аяқ басқанда адамның қалыптасуы сана-сезімнің дамуындағы өзгеріспен пен анықталды. Жасөспірім өзің ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылыды. Бүгінде білім саласында осы тақырып жөнінде арнайы сабақтар өткізіліп, аутодеструктивті міңез-құлықты болдырмаудың жолдары кеңінен түсіндірілуде. Білім беру мекемелерінің психологтары аутодеструктивті мінез-құлық бойынша ерекше назардағы балалармен (аутодеструктивті мінез-құлық өлшемдері бойынша анықталған «тәуекел топ») жұмысты әлеуметтік педагогтармен, инспектормен, сынып жетекшілерімен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен өзара бірлесіп атқарыланады.

1. Эмоционалды-еріктік сферасында бұзылыстар бар

(өзін-өзі ұстай алмау, дөрекілік, өтірік айтады, көргенсіз, эмоционалды ұшқалақ, адуындық, қорқақтық, ызақор, шектен шыққан мінез-құлық, өшпенділік, қаскөйлік, ашуланшақтық, агрессиялықтың және қаталдықтың жиі көрініс беруі, бұзақылық, тұйықтану және өзімен-өзі болып кету);

2. Пайдакүнемдік пиғылдағы әрекеттер жасау (материалдық пайда табу үшін жасалған ұсақ құқықбұзушылықтар, істер (ұрлық, алып-сатарлық, алдап кету)
3. Құрбыларымен қарым-қатынас мәселелері (жағдайсыз, формалды емес, референттік топ, тұйықтық, балалар ұжымынан шеттеп қалу, құрбыластарымен жиі болатын ұрыс-керістер, төбелестер, анти- және асоциалды сипаттағы формалды емес ұйымдарға қатысу);
4. Ата-анасымен өзара қарым-қатынастағы қиындықтар (отбасылық тәрбиелеудің жағдайсыз тұрпаты: либералдық немесе индифференттік стильдер, баладан алшақ кету, ажырасу, ата-аналармен жиі жанжалдасу және қақтығыстар және т.б.);
5. Психобелсенді заттарды қолдану (токсикомания, ішкілікке, нашақорлыққа бейімділік, соның ішінде құрамында психобелсенді заттар бар дәрілерді қабылдау); 6. Мектепішілік есепте тұратындар (кәмелетке толмағандарды мектепішілік және қалалық есепке қою туралы шешім тек қана педагогикалық кеңестің шешімімен қабылданады).

Аутодеструктивті мінез-құлық бойынша тәуекел топқа тіркелген балалармен әрі қарай не істеуге болады?

Баланың шешуді талап ететін мәселесі ішкі тұлғалық және сыртқы аспектілерден тұратын болғандықтан, маманның жұмысы келесі негізгі құрамдарды қамтиды:
1. Баламен жеке-дара жұмыс, яғни психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
2. Оқу ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау мақсатында социометриялық зерттеу (Дж. Морено бойынша) жүргізу;
3. Мектептік ортадағы психологиялық ахуалды жақсарту бойынша жұмысты белсендіру;
4. Өмір құндылықтарын көтеру бойынша сынып сағаттарын, семинарлар, тренингтер өткізу;
5. Балаларды анонимді түрде шұғыл психологиялық көмек алу мүмкіншілігі туралы қолдарын қойғызып тұрып, ақпараттандыру.
(сондай-ақ сенім телефондары нөмірлерін күнделіктеріне бекітіп беруге болады);
Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.
Кибербуллинг жасайтындардың арасында педофилдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап-арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суреттерін салуға көндіреді. Кейін сол суреттерді жұртқа жария етемін деп қоқан-лоққы жасау арқылы кездесуге шақырады не ақша бопсалайды. Ал қысымға шыдамай, шарасыз күйге түскендері көп жағдайда өзіне қол салады. Сарапшылардың сөзінше, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті проблемаға айналған. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес.

Педагог-психолог: Әбдуқадыр Гаухар Әбдіәзизқызы


Буллинг,
кибербуллинг



«Адалдық, ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбындағы 10 «Б» сыныбында өткізілген сынып сағатына анықтама

10 «Б» сыныбында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, адалдыққа, ар-намысқа және жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Адалдық, ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағаты барысында адалдық, ар-намыс, ұят, шыншылдық, әділдік ұғымдарының мәні түсіндіріліп, олардың адам өміріндегі маңызына ерекше назар аударылды. Оқушылар өмірден алынған мысалдар арқылы адал болу, өз арын сақтау және өзгелерге құрметпен қарау туралы ой бөлісті.

Пікірталас пен сұрақ-жауап барысында оқушылар өз көзқарастарын еркін білдіріп, жауапкершілік пен дұрыс таңдау жасаудың маңызын түсінді. Сынып сағаты оқушылардың адамгершілік қасиеттерін нығайтуға, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға оң әсерін тигізді.

Сыныпта оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, адалдыққа, ар-намысқа және жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Адалдық, ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағаты барысында оқушыларға адалдық, ар-намыс, ұят, шыншылдық, әділдік ұғымдарының мәні түсіндіріліп, олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар өмірлік жағдайларға байланысты мысалдар келтіріп, адал болудың, өз арын қорғаудың және өзгеге құрметпен қараудың маңызын талқылады.

Сабақ барысында пікір алмасу, сұрақ-жауап, ой қозғау әдістері қолданылып, оқушылардың өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік берілді. Бұл оқушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Талқылау кезінде оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, адал адам болудың маңызын, өтірік пен әділетсіздіктің зиянын мысалдар арқылы түсіндірді. Іс-шара оқушылардың адамгершілік қасиеттерін нығайтуға, өзіне және өзгеге құрметпен қарауға, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Мектепте оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, адалдыққа, ар-намысқа және жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Адалдық, ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбында тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға адалдық пен ар-ождан ұғымдарының мәні, адам өміріндегі адамгершіліктің рөлі, шынайылық пен әділдіктің қоғамдағы маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар түрлі өмірлік жағдайлар арқылы дұрыс шешім қабылдау, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау және өз ар-намысын сақтау мәселелері бойынша пікір алмасты.

Қорытындысында оқушылар адалдық пен адамгершілікті өмірлік ұстаным ету қажеттігін түсініп, бір-біріне құрметпен қараудың маңызын ұғынды, өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың рухани дамуына, адалдық пен ар-намысты өмірлік ұстаным ретінде қалыптастыруға оң әсерін тигізді.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Білім кілті – кітапхана» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылған жұмысқа Анықтама

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және білім алушылардың әдеби тұлғалар мен олардың шығармалары арқылы ұлттық мәдениетпен танысуына ықпал жасау болып табылады.

Әдеби кеш барысында қатысушылар кітап кейіпкерлері мен олардың оқиғаларын таныстырды, сүйікті авторларының шығармаларын оқып, қысқаша талқылады. Сонымен қатар, оқушылар шығармалардан алынған үзінділер бойынша өз пікірлерін білдіріп, шығармашылық тапсырмаларды орындады. Кеш барысында әдеби викториналар мен ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың есте сақтау, ой қорыту және сөйлеу дағдылары шыңдалды.

Іс-шара интерактивті форматта өтіп, оқушылар белсенділік танытып, топтық жұмысқа қатысып, өз білімдері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Әдеби кеш білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың ой-өрісін кеңейтті және кітапхана ресурстарын тиімді пайдалануға үйретті.

Жалпы алғанда, «Білім кілті – кітапхана» әдеби кеші оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған маңызды іс-шара болды.





«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы аясында өтілген сынып сағаттарына Анықтама

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы аясында сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена және медиа сауаттылықты дамытуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп, пікірталастар мен кездесулер форматында ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың интернет кеңістігінде қауіпсіз және жауапты мінез-құлық қалыптастыру, жеке деректерін қорғау дағдыларын жетілдіру, киберқауіптерден сақтану және ақпаратты сын тұрғысынан қабылдау қабілетін дамыту болды.

Сынып сағаттары барысында оқушыларға әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қауіпсіз пайдалану, кибербуллинг, интернет-алаяқтық, фишинг, жалған ақпарат (фейк) және зиянды контенттің түрлері туралы жан-жақты мәлімет берілді. Мемлекеттік орган мамандары нақты өмірлік мысалдар арқылы қауіптердің алдын алу жолдарын түсіндіріп, заң талаптары мен жауапкершілік мәселелеріне тоқталды.

Пікірталастар барысында оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, интернеттегі түрлі жағдайлар бойынша пікір алмасты. Бұл олардың сыни ойлауын, құқықтық сауаттылығын және кибермәдениетін арттыруға ықпал етті.

Іс-шараның нәтижесінде білім алушылардың цифрлық ортадағы қауіпсіздік деңгейі артты, жеке ақпаратты қорғау, интернетті саналы және жауапты пайдалану қажеттігі туралы түсінігі қалыптасты. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы оқушылардың медиа сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарды.

"Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам" тақырыбында тәрбие сағаты

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында" 11 сынып оқушыларымен "Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты – оқушыларды интернетте және цифрлық технологияларды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауға үйрету, олардың жеке мәліметтерін қорғау, киберқұқық бұзушылықтардан сақтану және интернеттегі қауіптерді дұрыс түсініп, алдын алу дағдыларын дамыту."Өзіңіз туралы жеке ақпаратты таратудың қаупі" тақырыбында 10 минуттық қауіпсіздік сабағы өткізілді.Мақсаты:жеке ақпараттың маңыздылығын түсіндіру: Оқушыларға жеке ақпараттың не екенін, оның құндылығын және оны сақтаудың маңыздылығын көрсету.

Цифрлық әлемдегі қауіптерді таныстыру: Интернетте және әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты жариялаудың қауіптері, алаяқтық, кибербуллинг, жеке мәліметтердің ұрлануы сияқты мәселелер туралы түсінік беру.

Қауіпсіздік ережелерін үйрету: Оқушыларға интернетте өздері туралы ақпаратты қалай дұрыс бөлісу керек екендігін, құпиялылық параметрлерін пайдалану және сақтық шараларын қабылдауды үйрету.

Жауапкершілік пен саналы әрекет жасауға шақыру: Оқушыларды интернетте жеке ақпаратты таратудың салдары мен қауіптеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.Сынып жетекшісі:Ниязбекова А.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебінде Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында өткізілген мерекелік іс-шара
АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жолындағы тарихи кезеңдерін таныстыру, мемлекеттік рәміздерге, ел тарихына деген құрметті арттыру болды.

Іс-шара барысында сыныптар арасында сахналық көріністер қойылып, әр сынып тәуелсіздік тақырыбында өздерінің шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Көріністерде елдің тәуелсіздікке жету жолындағы күресі, тарихи тұлғалар мен ел бірлігі, бейбітшілік пен егемендіктің маңызы көркем түрде бейнеленді.

Сыныптар арасындағы жарыс жоғары деңгейде өтіп, оқушылар өз өнерлерін, сахналық шеберліктерін және шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Қазылар алқасы көріністердің мазмұнына, идеялық бағытына, орындау шеберлігіне және көркемдік деңгейіне баға берді.

Іс-шара қорытындысы бойынша ең үздік көрініс көрсеткен сынып арнайы марапатпен марапатталды. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, патриоттық рухын нығайтуға ықпал етті.

Жалпы, «Тәуелсіздік тұғырым» атты іс-шара білім алушылардың ел тарихына, тәуелсіздік құндылықтарына деген құрметін арттырып, ұлттық рухты қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.




DOSTYQ
16-ЖЕЛТОҚСАН
УЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕ





Бекітемін
ЖШС **«Dostyk School Shymkent»**
Мектеп директоры А.Б.Сексенов

Тәуелсіздік - тұғырым

Сценарий тақырыбы: **«Тәуелсіздік тұғырым»**
Сценарий барысы: «Тойбастар» күйі (хабарланбайды)

1-жүргізуші:
Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 24 жылдығына арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!
Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз!Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 24 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.
Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.
Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар.
Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.

2-жүргізуші:
Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар, Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.
16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті.
Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке.
Қазақстан жоғары Кеңесі 1991ж. 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады. Екі жүз жылдай патшалық Рессейдің отары, жетпіс жылдан астам Кеңес үкіметінің бұғауында болған Қазақстан егемен ел болды. Міне содан бері 24 жыл!
Тәуелсіздігімізге арналған мерекелік кешімізді еліміздің мемлекеттік әнұранымен бастайық.
Әнұран орындалады

1-жүргізуші:
Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.

ХАТТАМА

Шымкент қаласы

Күні: 23.12.2025 ж

Қатысқандар:

1. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Куттыбаев Қазыбек Жаңабайұлы
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Е.Хайлулла, А.К.Төреахмет
3. Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.
4. 10-11 сынып оқушылары және сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу.Профилактикалықіс-шараларды ұйымдастыру

Тыңдалды:

Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Куттыбаев Қазыбек Жаңабайұлы жиналыс өткізді:

Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылық пен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИполиция капитаны Куттыбаев Қазыбек Жаңабайұлы - кәмілеттік жасқа толмағандардың түнгі мезгілде жүру заңдылықтары жөнінде түсіндіріп өтіп, қалада мереке және басқада кездері «Қауіпсіз қала» профилактикалық рейдттік іс-шараларының өтіп тұратындығын атап өтті.
Сондай-ақ түнгі клубтар мен ойын-сауық орындарында кәмелетке толмағандардың болуының қауіптілігі, ондай ортада құқық бұзушылыққа тартылу қаупі жоғары екені айтылды.
Құқық қорғау органдарының өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының заңсыз айналымы үшін көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы ақпарат берді. Құқық бұзушылық орын алған жағдайда дереу ішкі істер органдарына немесе ұстаздарға хабарлау керектігі де назарға алынды.

Кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты жасалатын қылмыстардың,нашақорлық қылмыстарының алдын – алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру. Сондай – ақ оқушыларға құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын сақтау маңыздылығы туралы кеңестер берілді.

Шешім:

1. Сынып жетекшілерге сынып оқушыларымен қосымша профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. Балалардың бос уақытын қадағалау ата-аналар тарапынан күшейтілсін.

3.Қауіп тобына жататын оқушылармен жеке психологиялық жұмыстар ұйымдастыру.
4.Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, спорттық және мәдени іс-шараларға тарту.

Мектепдиректоры **Сексенов А.Б.**

Құқық бұзушылықтың алдын алу профилактиктикалық түсіндірме жұмыстары



ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
Жаңа жыл мерекелік іс-шарасы туралы анықтама

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа 2026 жыл – Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы!»

Мақсаты: Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, ұйымшылдыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу, оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту және мерекелік көңіл күй қалыптастыру.

Өткізілген мерзімі: желтоқсан 2025 жыл

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі.

Іс-шараның барысы:

Мектебімізде 10–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қош келдің, Жаңа 2026 жыл – Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы!» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар заманауи форматта концерттік бағдарлама ұсынып, патриоттық әндер, жаңа жылдық музыкалық қойылымдар, би және сахналық көріністер көрсетті. Сонымен қатар қызықты ойындар мен интеллектуалдық сайыстар өткізіліп, белсенді қатысқан оқушылар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Мерекелік кеш жоғары деңгейде безендірілген залда өтті. Оқушылар кеш жүргізушісі рөлін сомдап, өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті. Кеш соңында би кеші ұйымдастырылып, мерекелік көңіл күй сыйланды.

Қорытынды:

Іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, сахна мәдениетін қалыптастыруға және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.

Ұсыныс:

Осындай мерекелік кештерді дәстүрлі түрде жалғастырып, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының қатысуымен өткізу.

Педагог-ұйымдастырушы: Н.Ә.Амангелдиев

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_____А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі
Тәрбие жұмысының қаңтар айына арналған іс-шара жоспары
Қаңтар – заң және тәртіп айы

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар			
1	Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз балалар!»** апталығы *(мұздан абайла!)* аясында **“Өмір қаіпсіздігі”** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, техника қауіпсіздік журанлына тіркеу, таныстыру	08-09.26ж /арнайы жоспар бойынша/	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. (Байқау, көрме, тренинг, кездесу, құқықтық сағат ұйымдастыру)	08-09.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
3	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында «Мамандықтар марафоны» байқау ұйымдастыру	08-09.26ж	Н.Ә.Амангелдиев 10-11 сынып жетекшілері
3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы			
6	**«Ұшқыр ой алаңы»** жобасы аясында **«Ұшқыр ой алаңы»** зияткерлік ойыны	12-16.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
	"Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқан іске асыру	12-16.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
7	**«Бала - біздің ертеңіміз»** атты жалпы және сыныпаралық ата-аналар жиналысы	12-16.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
4-апта дәйексөздері: Әділет жолы - адал жол			
10	**«Smart bala»** жобасы аясында **«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** байқауы	19-23.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Информатика пәні мұғалімдері

11	Түнгі мезгілде жасөспірімдердің заңсыз өкілінсіз жүруін және ойын-сауық орындарында болуын, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату деректерін анықтау және жол бермеуге бағытталған рейдтік іс-шараларды жүргізу	19-23.01.26ж	10 -11сынып жетекшілері
12	**«Еңбегі адал – жас өрен»** жобасы **«Әкеммен өткен бір күнім»** (тренинг, әкеге хат, дөңгелек үстел ұйымдастыру)	19-23.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
13	**Ағасы бардың- жағасы бар**	19-23.01.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
14	**«Кітапқұмарлар»** жобасы аясында **«Ойлы кітап»** зияткерлік ойын	21.01.2026ж	Жоба жетекшісі Болатова А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлесіп, «Абайлаңыз, балалар!» апталығы аясында «Өмір қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты — білім алушылардың қыс мезгіліндегі жол қозғалысы ережелерін сақтау, көктайғақ кезінде қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өмір қауіпсіздігі туралы білім деңгейін арттыру.

Түсіндірме жұмыстары барысында:

- көктайғақ кезінде жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалу ережелері;
- жолдан өту тәртібі;
- жол белгілерінің маңызы;
- төтенше жағдайлардың алдын алу жолдары туралы мәліметтер берілді.

Іс-шараға жол полиция департаментінің өкілдері қатысып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді, нақты мысалдар арқылы қауіпсіздік талаптарын түсіндірді.

Өткізілген түсіндірме жұмыстары техника қауіпсіздігі журналына тіркеліп, қатысушыларға таныстырылды. Оқушылар қауіпсіздік ережелерімен танысқаны жөнінде қол қойды.

Аталған іс-шара оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтауға бағытталған профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Ұсыныс: Оқушылардың қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алдағы уақытта:

- «Абайлаңыз, балалар!» профилактикалық іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастыру;
- жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен түсіндірме жұмыстарын тұрақты өткізу;
- көктайғақ кезінде қауіпсіз жүріп-тұру бойынша көрнекі ақпараттық бұрыштар (жадынама, плакат) орналастыру;
- сынып жетекшілері тарапынан өмір қауіпсіздігіне арналған сынып сағаттарын күшейту;
- техника қауіпсіздігі журналын уақтылы және толық толтыруды бақылау ұсынылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет





ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында құқықтық сағат өткізілді.

Мақсаты – оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға зияны мен құқықтық жауапкершілігін түсіндіру, адалдық пен әділдік мәдениетін қалыптастыру.

Құқықтық сағат барысында келесі мәселелер қарастырылды:

• Сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның түрлері мен көріністері;

• Заңнамалық негіздер: ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және басқа да нормативтік актілер;

• Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары, жеке жауапкершілік;

• Адалдық пен парасаттылыққа тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушылар белсенді қатысып, пікір алмасты, практикалық мысалдар қаралды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама жүргізілді.

Құқықтық сағаттың нәтижесінде оқушылар сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары туралы хабардар болып, адалдық пен заңдылыққа тәрбиеленді.

Ұсыныс:

1.Осындай құқықтық сағаттарды тұрақты түрде ұйымдастыру арқылы оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру қажет.

2.Практикалық тренингтер мен рөлдік ойындар арқылы оқушыларға сыбайлас жемқорлық жағдайларын нақты көрсету ұсынылады.

3.Ата-аналар мен мектеп әкімшілігін қатыстыру арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кеңейту.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Е.Халилулла



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жеке басының мақсаттарында пайда алу үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының амандығына, біздің балаларымыздың жарқын болашағына және жалпы еліміздің дамуына төнген қатер болып табылады

ANTICORRUPTION.GOV.KZ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАЙДЫ?

01 Жақын жердегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Департаментіне **жазбаша** жүгініңіз

02 **E-otinish** порталы арқылы өтініш жіберіңіз **(ЭЦҚ талап етіледі)**

03 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына төмендегі нөмір бойынша қоңырау шалыңыз

1424

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін **4000 АЕК дейін** сыйақы қарастырылған

₸ 13 800 000

ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік **Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қарастырылған**

15 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

ANTIKOR

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 10–11 сынып оқушылары арасында «Мамандықтар марафоны» байқауын ұйымдастыру

Мақсаты: 10–11 сынып оқушыларының мамандық таңдауға деген саналы көзқарасын қалыптастыру, еңбекке адалдық, жауапкершілік, кәсіби бағдар беру арқылы болашақ мамандыққа қызығушылығын арттыру. Қоғамда сұранысқа ие мамандықтар туралы кеңінен ақпарат беру, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен өзін-өзі таныту дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Оқушыларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру;

Еңбек адамының қоғамдағы рөлін түсіндіру;

Жеке қызығушылығы мен қабілетіне сай мамандық таңдауға бағыт беру;

Командалық жұмыс пен көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

Байқау барысында қатысушылар өздері таңдаған мамандықты таныстырып, оның қоғамдағы маңызын, қажеттілігін, болашақтағы даму мүмкіндіктерін шығармашылық форматта (презентация, сахналық көрініс, бейнеролик, эссе т.б.) көрсетті.

Іс-шара мектепішілік форматта өткізілді. Байқау барысында оқушылар өздері таңдаған мамандықтар бойынша ақпарат ұсынып, еңбек адамының қоғамдағы маңызын ашып көрсетті. Қатысушылар шығармашылық тапсырмалар орындап, өз ойларын еркін жеткізе білді.

Ұсыныс:

Осындай мазмұндағы кәсіби бағдар беру бағытындағы іс-шараларды жүйелі түрде өткізу, жоғары сынып оқушыларына арналған мамандықтар жәрмеңкесін, сала мамандарымен кездесулер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Е.Халилулла




Напишите что-нибудь...


достар!
шысымын.
мі.
емес,
сы.
ремін
рта құруды мақсат

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСИЛИУМ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 14.01.2026 ж.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, ата-аналар, мектеп психологі.

Күн тәртібі:

1.Оқушылардың оқу жетістіктерінің (ҰБТ нәтижелері, тест көрсеткіштері) қорытындысын талдау.

2.Әр пән бойынша білім сапасының деңгейін анықтау.

3.Оқушыларға жеке қолдау көрсету жолдарын қарастыру.

4.Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері сөз сөйлеп, оқушылардың білім сапасы, тест нәтижелері, пәндер бойынша жетістіктері мен қиындықтары талданды.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ нәтижелері мен тест көрсеткіштері туралы пән мұғалімдері мәлімет берді. Әр сынып бойынша білім алушылардың жинаған балл көрсеткіштері, білім сапасы мен үлгерімі талданып, өткен оқу кезеңімен салыстырмалы мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде жоғары, орта және төмен деңгейдегі оқушылар анықталып, білім көрсеткіштерінің өсу және төмендеу себептері қарастырылды.

Пән мұғалімдері әр оқушының жеке нәтижесіне тоқталып, білім деңгейлері мен жіберілген олқылықтар туралы мәлімет берді. Әр пән мұғалімі өз пәні бойынша білім сапасының деңгейіне тоқталып, сыныптардағы оқу үлгерімі, бақылау жұмыстарының қорытындылары мен тест нәтижелері негізінде талдау жасады. Пәндер бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіштері айтылып, проблемалық тақырыптар мен оқушылардың жіберген типтік қателіктері анықталды.

Білім сапасын арттыру және төмен көрсеткіш көрсеткен оқушыларға жеке қолдау көрсету мақсатында қосымша сабақтар, жеке консультациялар, сараланған тапсырмалар беру, деңгейлік жұмыстар жүргізу, білім алушылармен жеке жұмыс жоспарын құру мәселелері қарастырылды. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері ұсынылды.

Ата-аналарға оқушылардың оқу үлгерімі таныстырылып, алдағы уақытта білім сапасын арттыру мақсатында бірлескен жұмыс жүргізу жолдары түсіндірілді. Ата-аналармен кері байланыс орнату жұмыстары туралы сынып жетекшілер мәлімет

берді. Ата-аналар жиналыстары, жеке кездесулер, телефон және мессенджер арқылы байланыс жасау, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы хабардар ету, бірлескен жұмыс жүргізу жолдары айтылды. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, алдағы уақытта ынтымақтастықта жұмыс жасау қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы, ҰБТ және тест нәтижелері бойынша білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілсін.

2.Пән мұғалімдері тарапынан бақылау, тест жұмыстарының қорытындыларына талдау жасалып, кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін;

3.Білім көрсеткіші төмен оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсін.

4. Ата-аналармен кері байланыс тұрақты түрде ұйымдастырылып, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы ақпарат берілсін. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жандандырып, жеке кездесулер мен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

https://www.instagram.com/reel/DUu1tuJjCGK/?igsh=MWJucHY2MjJxbmM2Zg==

Мектеп директоры А.Б.Сексенов

https://www.instagram.com/reel/DUu1tuJjCGK/?igsh=MWJucHY2MjJxbmM2Zg==









«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
Тәрбие жұмысының ақпан айына арналған
іс-шара жоспары
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге			
1	**«Ұшқыр ой алаңы»** жобасы аясында **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаты «Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»	2-6.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла сынып жетекшілері
2	**«Кітапқұмарлар»** жобасы аясында **«Ұлттық әдебиет сағаты»** кітап оқу уақыты	4.02.2026ж	Жоба жетекшісі Болатова А.
3	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаевтың** туғанына **180 жыл**	2-6.02.2026ж	С.Б.Абдибекова
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала			
4	Кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында Түркістан қаласына ЖОО таныстыру, танымдық экскурсия	7-8.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
5	**Жасампаздық және жаңашылдық** айы аясында «17 ші вагон жастар театры» қойылымына театрға бару	11.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
5	**«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында **«Шын жүректен кітап сыйла!»** челленджі	9-13.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер С.Б.Абдибекова
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер			
6	«Smart bala»жобасы аясында **«Brain –rain»** интеллектуалды ойыны	18.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла, Сынып жетекшілер Информатика пән мұғалімдері
7	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер	16-20.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер

	ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу		
8	Оқушылармен зайырлылық қағидаттарды нығайту, қылмыстың алдын-алу, діни экстремизм мен терроризм идеяларынан қорғау мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу	20.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп *(келісім бойынша)*
4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы			
9	Кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында Алматы қаласына ЖОО таныстыру, танымдық экскурсия	20-22.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
10	Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ *(ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.)* балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру	24.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер Г.Ә.Әбдуқадыр Э.О.Базарбек
11	Қасым баспасынан «Бір атаның балалары» кітап оқу жарысы	2-27.02.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет
Н.Е.Халилулла

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

2026 жылғы 02 ақпандағы №343 бұйрық негізінде «Өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстарды күшейту мақсатында» мектебімізде 10–11 сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.

11-сыныптарда «Табиғаттағы өрт қауіпсіздігі қағидалары» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға табиғат аясындағы өрттің туындау себептерін түсіндіру, орман және дала өрттерінің алдын алу жолдарын үйрету, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыру.

Сынып сағаты барысында:

- табиғаттағы өрттің негізгі себептері (адам факторынан болатын өрттер, абайсыздық, құрғақ шөпті өртеу т.б.) түсіндірілді;
- орман, дала алқаптарында өзін-өзі ұстау ережелері айтылды;
- төтенше жағдай туындаған кездегі іс-әрекет алгоритмі таныстырылды;
- бейнематериалдар көрсетіліп, жағдаяттық тапсырмалар талқыланды.

Білім алушылар белсенді қатысып, сұрақ-жауап форматында өз ойларын ортаға салды. Нәтижесінде оқушылардың табиғаттағы өрт қауіпсіздігі туралы білімдері кеңейіп, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары қалыптастырылды.

10-сыныптарда «Тұрғын үйлердегі өрт кезіндегі іс-қимыл» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты – тұрғын үй жағдайында өрт шыққан кездегі дұрыс әрекет ету тәртібін үйрету, эвакуация ережелерін меңгерту және қауіптің алдын алу шараларын түсіндіру.

Сынып сағаты барысында:

- тұрмыстық өрттің шығу себептері (электр сымдарының ақауы, газ құралдарын дұрыс пайдаланбау, ашық отты қолдану) түсіндірілді;
- өрт кезінде 101 немесе 112 қызметіне хабарласу тәртібі айтылды;
- түтіндену жағдайында қорғану тәсілдері мен эвакуациялау жолдары көрсетілді;
- алғашқы қауіпсіздік шаралары мен өзін және өзгелерді қорғау жолдары талқыланды.

Оқушыларға нұсқаулықтар беріліп, қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген сынып сағаттарының фотоесептері жинақталып, мектептің әлеуметтік желідегі ресми парақшасына жарияланды.

Қорытындылай келе, аталған іс-шаралар білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға, төтенше жағдайлар кезіндегі дұрыс әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталды.

https://www.instagram.com/reel/DUkr9p-jNXB/?igsh=MWZhM2VtdGx2ZW01MQ==

ДТІЖО: Н.Е.Халилулла

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы қарсаңында

Жоғары оқу орындарымен танысу мақсатындағы танымдық экскурсия

Жетекші: Болатова А.

Мақсаты:

Оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беру, жоғары оқу орындарының білім беру мүмкіндіктерімен таныстыру, болашақ мамандық таңдауға көмектесу.

Міндеттері:

- Оқушыларды жоғары оқу орындарының оқу үдерісімен таныстыру;
- Әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат беру;
- Оқушылардың болашақ кәсіби таңдауына бағыт беру;
- Танымдық көкжиегін кеңейту.

Кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстары аясында мектеп оқушылары Алматы қаласына танымдық экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар бірнеше жоғары оқу орындарымен танысты. Атап айтқанда, оқушылар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Сүлейман Демирел университеті және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып, оқу орындарының оқу үдерісі, білім беру бағдарламалары және студенттік өмірі туралы ақпарат алды.

Сонымен қатар, оқушылар Алматы қаласындағы «Достық» мектебінің филиалына барып, білім беру ортасының жұмысымен танысты. Экскурсия барысында оқушыларға оқу орындарының инфрақұрылымы көрсетіліп, мамандықтар туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Экскурсия аясында оқушылар Алматы қаласының көрікті жерлерін аралап, қаланың мәдени және танымдық орталарымен де танысуға мүмкіндік алды.

Қорытынды: Экскурсия оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттырып, жоғары оқу орындары туралы білімдерін кеңейтті. Іс-шара оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға және танымдық көкжиегін кеңейтуге оң әсерін тигізді.

Жетекші: Болатова А.



ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы қарсаңында

«Жасампаздық және жаңашылдық» айы аясында театрға бару туралы

«Жасампаздық және жаңашылдық» айлығы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру және мәдени ортаға қызығушылығын арттыру мақсатында 2026 жылғы 11 ақпан күні 11 сынып оқушылары театрға барды.

Оқушылар «17-ші вагон» жастар театрының қойылымын тамашалады. Қойылым барысында жас буынның қоғамдағы орны, адамгершілік қағидалар, достық пен жауапкершілік тақырыптары көркем түрде сахналанды. Театр өнері арқылы білім алушылар өмірлік құндылықтар туралы терең ой түйіп, заманауи мәселелерге көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Іс-шара барысында оқушылар театр мәдениетімен танысып, көрермен әдебін сақтады. Қойылымнан кейін әсер алмасу ұйымдастырылып, білім алушылар өз пікірлерін білдірді. Олар сахналық шеберлікке, актерлік ойынға және қойылымның тәрбиелік мәніне жоғары баға берді.

Аталған мәдени іс-шара білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеуге, рухани дүниесін байытуға ықпал етті.

ДТІЖО: А.К.Төреахмет

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы қарсаңында

Өткізілген уақыты: 2026 жыл, 18 ақпан.

Мектебімізде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, білімге деген қызығушылығын арттыру және зияткерлік әлеуетін қалыптастыру мақсатында «Brain Rain» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды.

Аталған ойын барысында қатысушылар түрлі бағыттағы (логикалық сұрақтар, жалпы білім, математика, әдебиет, тарих және жылдам ойлауды талап ететін тапсырмалар) сұрақтарға жауап беріп, өз білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті. Ойын бірнеше кезеңнен тұрып, әр кезеңде оқушылардың ой ұшқырлығы, шапшаңдығы және топпен жұмыс істеу дағдылары бағаланды.

Шараға қатысқан оқушылар белсенділік танытып, өзара білім алмасып, интеллектуалдық бәсекеге түсті. Мұндай ойындар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушыларға ерекше әсер қалдырды.

https://www.instagram.com/reel/DVQjAytjKKT/?igsh=MXFud3FmZzZkZndseA==

ДТІЖО: А.К.Төреахмет

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы қарсаңында

Іс-шара атауы: «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі

Өткізілген уақыты: 2026 жыл, ақпан айы

Өткізілген орны: Мектеп кітапханасы

Қатысушылар: Мектеп оқушылары

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапқа деген құрметін қалыптастыру, рухани құндылықтарды насихаттау және мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыру.

Міндеттері:

• Оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру;

• Кітаптың білім мен тәрбие берудегі маңызын түсіндіру;

• Кітапхана жұмысын қолдау және кітап қорын насихаттау;

• Оқушыларды рухани байлыққа, ізгілікке баулу.

Барысы: Балалар кітапханасы жобасы аясында мектепте «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, білім алудағы рөлі және кітапхана мәдениеті туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, кітапхана қорын толықтыруға арналған кітап сыйлау дәстүрі насихатталды.

Челлендж аясында мектеп кітапханасына кітап сыйлау бастамасы қолдау тауып, оқушыларға кітапты құрметтеу, оны бағалау және кітапхана жұмысын қолдау туралы ақпараттар берілді. Оқушылар шараға қызығушылық танытып, кітап оқу мәдениеті жайында пікір алмасты.

Қорытынды: Іс-шара барысында оқушылар кітаптың рухани құндылық ретіндегі маңызын түсініп, кітапхана жұмысына деген қызығушылықтары артты. «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі оқушыларды кітапты қадірлеуге, білімге ұмтылуға және рухани дамуға тәрбиелеуде маңызды тәрбиелік мәнге ие болды.

https://www.instagram.com/reel/DT29sfBjGiu/?igsh=bG9lMTkxNG9rbW85

ДТІЖО: А.К.Төреахмет

ХАТТАМА

Шымкент қаласы
Күні: 04.02.2026 ж

Қатысқандар:

1. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Е.Хайлулла, А.К.Төреахмет
3. Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.
4. 10 сынып оқушылары (қыздар)

Күн тәртібінде:

1. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу және буллингтің алдын алу, лудомания және темекі, нашақорлық бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу,
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу. Профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру

Тыңдалды:

Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота жиналыс өткізді:

Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылық пен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу және буллингтің алдын алу, лудомания бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота - кәмілеттік жасқа толмағандардың түнгі мезгілде жүру заңдылықтары жөнінде түсіндіріп өтіп, қалада мереке және басқада кездері «Қауіпсіз қала» профилактикалық рейдттік іс-шараларының өтіп тұратындығын атап өтті.

Сондай-ақ, оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу және буллинг болған жағдайда ата – анаға салынатын айыппұлдар көлемі , қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жөнінде айтылды.

Құқық қорғау органдарының өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының заңсыз айналымы үшін көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы ақпарат берді. Құқық бұзушылық орын алған жағдайда дереу ішкі істер органдарына немесе ұстаздарға хабарлау керектігі де назарға алынды.

Кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты жасалатын қылмыстардың, лудомания ,темекі және нашақорлық қылмыстарының алдын – алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыруды естіртті. Сондай – ақ оқушыларға құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын сақтау маңыздылығы туралы кеңестер берілді.

Шешім:

1. Балалардың бос уақытын қадағалау ата-аналар тарапынан күшейтілсін
2. Қауіп тобына жататын оқушылармен жеке психологиялық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, спорттық және мәдени іс-шараларға тарту.

Мектеп директоры **Сексенов А.Б.**





ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

20–22 ақпан күндері оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беру, жоғары оқу орындарымен таныстыру және танымдық көкжиегін кеңейту мақсатында Алматы қаласына танымдық экскурсия ұйымдастырылды. 10 «Е» сынып оқушылары

Жетекшісі: Кеңесбекова Елназ

Экскурсия барысында оқушылар Алматы қаласындағы бірнеше жоғары оқу орындарында болып, олардың оқу жүйесімен, мамандықтарымен және студенттік өмірімен танысты. Атап айтқанда, Narxoz University, Abilai Khan University of International Relations and World Languages, сондай-ақ Suleyman Demirel University университеттеріне барып, университет өкілдерінің таныстыру жұмыстарын тыңдады.

Сонымен қатар оқушылар Almaty Dostyk Education Center орталығына барып, білім беру жобаларымен танысты. Танымдық сапар аясында оқушылар Shymbulak Ski Resort тау шаңғы курортында болып, табиғат аясында демалып, Алматы қаласының көрікті жерлерін аралады.

Бұл экскурсия оқушылардың болашақ мамандықты таңдауға деген қызығушылығын арттырып, жоғары оқу орындары туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Іс-шара мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Жетекшісі: Кеңесбекова Елназ


Біздің саяхат
Біздің саяхат
Бізден саяхат
Ікүні – университет араладық
IIкүні – Шымбұлаққа бардық


Біздің саяхат
ҚызПУ университет мұражайы


Біздің саяхат


Біздің саяхат
ҚазҰУ-мен таныстық

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

ХАТТАМА № 2

Өткізілген күні: 25 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: Dostyk School Shymkent

Қатысушылар: мектеп әкімшілігі, педагогтер, сынып жетекшілер, 10–11 сынып оқушылары

Шақырылған маман: Шымкент қаласы дін істері басқармасы мемлекеттік мекемесінің теолог маманы

Күн тәртібі:

1.Оқушылар арасында діни сауаттылықты арттыру және дін саласына қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2.Рамазан айының басталуына байланысты оқушылардың қауіпсіздігі, күн тәртібі және тәртіп мәселелері туралы түсіндіру.

3.Дәстүрлі дін құндылықтарын насихаттау және теріс діни ағымдардың алдын алу жөнінде ақпарат беру.

Тыңдалды:

Кездесудің негізгі мақсаты – оқушылардың діни сауаттылығын арттыру, дін мәселелеріне қатысты дұрыс ақпарат беру, сондай-ақ жастарды түрлі теріс діни ағымдардың ықпалынан қорғау екендігі атап өтілді.

Жиналыс барысында Шымкент қаласы дін істері басқармасы мемлекеттік мекемесінен келген теолог маманы сөз алып, дін саласына қатысты маңызды мәселелер жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Маманының айтуынша, қазіргі қоғамда жастар арасында діни ақпараттарды дұрыс түсіну, дәстүрлі құндылықтарды сақтау және заң талаптарын білу өте маңызды.

Сонымен қатар алдағы Рамазан айының басталуына байланысты оқушылардың күн тәртібін сақтау, денсаулыққа мән беру және оқу процесіне жауапкершілікпен қарау қажеттігі түсіндірілді. Маман мектеп жасындағы оқушылардың кешкі және түнгі уақытта мешіттерге бармауы, әсіресе түнгі уақытта өткізілетін тарауих намазына қатыспауы жөнінде ұсыныс айтып, бұл талаптардың негізгі мақсаты – кәмелетке толмаған оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың оқу процесіне кедергі келтірмеу екенін атап өтті.

Кездесу барысында діннің қоғамдағы орны, адамгершілік құндылықтарды сақтау, ата-ананы құрметтеу, білім алудың маңыздылығы туралы да кеңінен айтылды. Сондай-ақ интернет желісіндегі діни ақпараттарды талғаммен қабылдау, тек ресми және сенімді дереккөздерге сүйену керектігі жөнінде ескертілді. Теолог маманы түрлі радикалды немесе теріс діни ағымдардың белгілері туралы қысқаша мәлімет беріп, ондай жағдайлардан сақ болу қажеттігін түсіндірді.

Жиналыс барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, дінге байланысты мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қойылған сұрақтарға теолог маманы нақты әрі түсінікті жауаптар берді. Кездесу танымдық әрі тәрбиелік мәні жоғары іс-шара ретінде өтті.

Қаулы:

1.Оқушылар арасында діни сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру.

2.Сынып жетекшілеріне Рамазан айына байланысты оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

3.Оқушылардың кешкі уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар тарапынан бақылауды күшейту жөнінде ұсыныс берілсін.

4.Дін саласына қатысты мәселелерде тек ресми ақпарат көздеріне сүйену қажеттілігі түсіндірілсін.

5.Оқушылар арасында адамгершілік, толеранттылық және дәстүрлі құндылықтарды насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.

Мектеп директоры: А.Б.Сексенов

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ * РЕСПУБЛИКА ҚАЗАҚСТАН ГОРОД ШЫМКЕНТ * КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ


Шымкент
"Шымкент қаласының дін істері басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша
2025 жыл

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі

Тәрбие жұмысының наурыз айына арналған іс-шара жоспары

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні
Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі
Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына **160 жыл**

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
	1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)		
1	Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз балалар!»** апталығы аясында **“Өмір қаіпсіздігі”** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, техника қауіпсіздік журанлына тіркеу, таныстыру	2-6.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
2	Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға 10-11 сыныптың оқушыларына **«Әскерге бару әрбір ер азаматтың борышы»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	2-6.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Д.Ш.Оспанов
	2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік		
3	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы **«Ананың аялы алақаны»** челленджі	10-13.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
4	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 10-11 сыныптың оқушы қыздарымен психологиялық әңгімелер, тренингтер өткізу	12.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр
5	Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың** туғанына **160 жыл**	11.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла С.Б.Абдибекова
	3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады		
6	**Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту, тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу.	16-20.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла

7	Наурыз мерекесіне арналған шаралар: 1. Наурыз – құт-береке бастауы!». Бауырсақ-party 2. «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы!». Сынып сағаты	16-20.03.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
4-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең			
8	**«Қамқор»** жобасы аясында **«Жер сағаты»** экологиялық акциясы	23-27.03.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер Биология пән мұғалімі
9	Білім беру ұйымдарында діни экстремизмнің алдын-алу бойынша оқушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастыру	23-27.03.26ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер Г.Ә.Әбдуқадыр

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мектепте оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ризашылық сезімін дамыту мақсатында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар мектеп мұғалімдеріне арнайы барып, өз алғыстарын білдірді. Олар ұстаздарына жылы лебіздерін жеткізіп, білім мен тәрбие бергені үшін ризашылықтарын білдірді. Оқушылар тарапынан айтылған шынайы алғыс сөздер мұғалімдерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен құрметтің арта түсуіне ықпал етті.

Іс-шара барысында оқушыларға Алғыс айту күнінің маңызы мен мәні түсіндіріліп, «рахмет» сөзінің қадірі мен адам өміріндегі алатын орны туралы кеңінен айтылды. Сонымен қатар, оқушылар ата-анаға, ұстаздарға, достарына деген алғыстарын білдіріп, өз ойларымен бөлісті.

Аталған іс-әрекет оқушылардың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, адамгершілік құндылықтарды бағалау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.Олар алғыс айту арқылы адамдар арасындағы сыйластық пен мейірімділіктің маңыздылығын түсінді.

Қорытындысында, өткізілген іс-шара оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайтуға, ризашылық білдіру мәдениетін қалыптастыруға және өзара құрмет сезімін арттыруға ықпал етті.

Ұсыныс:

1.Оқушылардың ұстаздарға, ата-аналарға және бір-біріне алғыс білдіру мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнайы акциялар ұйымдастыру.

2.«Алғыс айту бұрышы» немесе «Рахмет тақтасын» мектеп ішінде тұрақты түрде орналастыру.

https://www.instagram.com/reel/DVVSUXUjBuX/?igsh=MW5xeWpsbDMwb2dpcw==

ДТІЖО: А.К.Төреахмет

Алғыс айту күні – мектебімізге,
ұстаздарымызға және достарымызға
ризашылық білдіретін күн

Алғыс айту күні – мектебімізге,
ұстаздарымызға және достарымызға
ризашылық білдіретін күн

Алғыс айту күні – мектебімізге,
ұстаздарымызға және достарымызға
ризашылық білдіретін күн

Алғыс айту күні – мектебімізге,
ұстаздарымызға және достарымызға
ризашылық білдіретін күн

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
Кезектен тыс өткізілген ата-аналар жинылысының
Хаттамасы

Күні: 05.03.2026 ж.
Өткізу форматы: ZOOM платформасы арқылы
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің және Шымкент қаласы прокуратурасының хатына, сондай-ақ мектеп директорының №361 бұйрығына сәйкес кезектен тыс ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібі:

1.Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2.Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде жүруінің алдын алу;
3.Оқушыларды қараусыз қалдырмау мәселесі;
4.Қыз балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу;
5.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, соның ішінде сталкинг (қудалау) әрекеттерінің алдын алу.

Тыңдалды:

Жиналыс мектептің акт залында ZOOM плаьформасы арқылы өткізілді. Жиналыс барысында прокуратура тарапынан ата-аналарға оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі екендігі атап өтілді. Әсіресе кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңсыз көшеде жүруі құқық бұзушылыққа әкелетіні түсіндірілді.

Сонымен қатар, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Құранбек Сәрсен Абайұлы сөз сөйлеп, оқушылардың қауіпсіздігіне баса назар аудару керек екендігін, сондай-ақ қыз балалардың қауіпсіздігі, түнгі уақытта жүрмеуі, бөтен адамдардың үйлеріне қонбауын, ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қайда және кіммен жүргенін бақылауда ұстау қажеттілігі ескертілді.

Қыз балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігі айтылып, олардың жүріс-тұрысы, қоршаған ортасы, әлеуметтік желідегі белсенділігі ата-ана бақылауында болуы тиіс екендігі түсіндірілді.

Жиналыс барысында қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – сталкинг (қудалау) әрекеттері туралы да ақпарат беріліп, мұндай жағдайлардың алдын алу, баланың жеке шекарасын қорғау, күмәнді жағдайларда дер кезінде шара қолдану қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Ата-аналар өз балаларының қауіпсіздігін қатаң бақылауға алынуын қамтамасыз ету;

2. Кәмелетке толмаған оқушылардың түнгі уақытта (сағат 22:00-ден кейін) көшеде жүруіне жол бермеу;

3.Оқушыларды қараусыз қалдырмау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қамтамасыз ету;

4.Қыз балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуін қадағалау;

5.Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, соның ішінде сталкинг әрекеттерінің алдын алу бойынша ата-аналар мен мектеп бірлесе жұмыс жүргізсін;

6.Қажет болған жағдайда мектеп әкімшілігіне немесе тиісті органдарға дер кезінде хабарлау ұсынылсын.

Мектеп директоры: Сексенов А.Б.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД ШЫМКЕНТ РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
ҚАУЫМДАСТЫҚ (ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ)
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ







ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

Dostyk school Shymkent мектебінде 2026 жылғы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік концерт Қонаев мектебінің акт залында ұйымдастырылып, оған мектеп оқушылары мен аналар, мұғалімдер белсенді қатысты.

Іс-шараның мақсаты: Халықаралық әйелдер күні аясында аналарға, әжелерге және қыз балаларға құрмет көрсету, олардың қоғамдағы және отбасыдағы рөлін дәріптеу, оқушылардың бойында ізгілік, мейірімділік, сыйластық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын арттыру және ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Іс-шара слайд арқылы басталып, жүргізушілердің аналарға, әжелерге және қыздарға арналған жүрекжарды құттықтау сөздерімен ашылды. Мерекелік кеш барысында әйел-ананың қоғамдағы орны, отбасыдағы рөлі, мейірімі мен қамқорлығы кеңінен насихатталып, аналарға деген құрмет ерекше сезіммен жеткізілді.

Бағдарлама аясында мектеп оқушылары тарапынан түрлі әндер, билер, күй орындаулары ұсынылды. Атап айтқанда, домбырамен әсем күй орындалып, гитарамен ән шырқалды, қазақ биі биленді, сондай-ақ оқушылардың авторлық өлеңдері оқылды. Сонымен қатар, хор орындауындағы “Ана” әні көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Іс-шара барысында “Угадай мелодию” және “Кино табу” ойындары ұйымдастырылып, аналар мен оқушылардың белсенді қатысуымен қызықты әрі көңілді атмосфера қалыптасты. Оқушылар өз аналарына арнап жазған хаттарын гүлмен бірге табыстап, аналарын құшақтап, жүрекжарды алғыстарын білдірді. Бұл сәт кештің ең әсерлі бөлімдерінің бірі болды.

Мерекелік кеште оқушылар мен аналар бірге караоке әндерін орындап, би билеп, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Сонымен қатар, арнайы шақырылған өнер ұжымының қойылымы көрермендерге ұсынылды.

Іс-шараның қорытындысында аналарға деген құрмет пен алғыс сезімі айқын көрініс тауып, мереке жоғары деңгейде, мазмұнды әрі әсерлі өтті.

https://www.instagram.com/reel/DVrALWrjFpI/?igsh=MTRkNW00amdtMXZqdQ==

ДТІЖО: А.К.Төреахмет


DOSTYQ
arch




DOSTYQ
arch


DOSTYQ
arch

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

САЛЕМ СЛАЙДПЕН БАСТАЛАДЫ

1жүргізушіҚош келдіңіздер аяулы аналар, асыл әжелер, қызғалдақ қыздар. Көңілдеріңізге көктем шуағындай,сезім мен нұрқұйып 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі көңілдің жыры әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер

2жүргізушіБіз ғана емес,қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар,қасиетті аналар!
Құрметті аналар,біздің мектептің ұстаздары,қыздары!8-наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесі құтты болсын!Сіздерге әрқашан сыр бермес денсаулық,өмірдің шапғатын тілейміз! Бұл күні өздеріңізге бағытталған тілектер періштенің құлағына шалынсын...Әрдайым мейірім шуағын шашып жүре беріңіздер.

1жүргізушіСіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті абзал аналар. – дей келе ***құттықтау сөз кезегі достығымыздың*** _____беріледі.

2жүргізушіӘйел-Ана, Әйел-Өмір, Әйел-тіршілік өзегі. Өмір бесігінде іңгә тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашанда қастерлі, сөзі-өсиет, тұғыры биік. Алтын құрсағынан адамзаттың алабы жаратылған асыл ананың жүрегі үлкен, жүзі мейірімді, қолы қайырымды. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызыңнан құтыла алмайсың» деген ұлы ғұламалардың сөзі бар. Шынымен солай. Адамзат жүріп өткен небір ауыр жол, алмағайып заманнан ұрпағын аман-есен бүгінгі күнге жеткізген әйел-ана құдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлпештеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Ана-болашақтың демеушісі,ұлттың жебеушісі,сәбилердің бақыты.,

1жүргізушіЖанұяның жылуын суытпай, тал бесікті тербей отырып, тебірене толғар бесік жыры ,аңыз ертегілері мен жақұт жырлары арқылы ұрпағының бойына адамдық қасиеттерді дарытып отырған аналардың құдіретті сезімдеріне арналған әсем әнді домбырамен орындайтын***САЛАМАТ АҒАЙЫМЫЗДЫ***қабыл алыңыздар.

ОЙЫН Угадай мелодию

2жүргізушіКөңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейрімің күннің шуақ шақтарындай.
Қалайша аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай,-деп абзал аналарымыз бен қырмызы қыздарымыздың құрметіне***Жігіттеріміздің гитарамен ән ишашуын қабыл алыңыздар***қабыл алыңыздар.

1жүргізушіАналар адамды бесігімен баулиды... Өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады. «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп, ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді. Егер де бір үйде қыз бала дүниеге келсе, береке, молшылық, бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі деп жорыған екен.
Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде,- ***казакша би***

2жүргізуші«Отбасы-шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің құт берекесі. Әйел-ана отбасы жылуын сақтаушы, қоғамның ертеңі болашақ балаларды тәрбиелеуші. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» дегендей, Кейде адамның жүрегіндегі сезім өлең болып төгіледі. Қазір сіздер сондай шынайы жүректен шыққан жыр жолдарын тыңдайсыздар. Өзінің авторлық туындысын орындау үшін сахнаға ***Қызымыз Атажиева Зухраны***шақырамыз.

1жүргізушіДесек те уақытпен жарыспайды,
Қиялға қиялменен қарыштайды.
Шәкірттер шын жүректен тебіреніп,
Жырларын аналарға арнайды. Олай болса шәкірттеріңіздің аналар жайлы өлең шумақтарын тыңдайық.***ХОР Садраддин АНА әні***

<u>ОСЫ ән айтылып болған соң әр оқушы өз анасына жазған хаттын гүлмен апарып құшақтап береді</u> *фонға музыка қосып қою*

<u>КАРАОКЕ музыка бірге ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН және аналарын биге шақырса болады</u>

2жүргізушіТіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр.
Аяулысың, ауылымның асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,
Сендер үшін мереке шашулары,

Келесі кезекте сахнаға баян аспабында әсем әуен тартатын оқушымызды шақырамыз. Қарсы алыңыздар, !

<u>ОЙЫН кино табу(мулдем сыйлык алмаган аналардан)</u>

1жүргізушіОсы айтылғандардың бәрі шындық, бәрі шын, аналар ажалдан күштірек, жапанға бір тоқтамсыз данышпандарды, ақындарды, ерлерді тауып беретін аналар. Барлық жақсылықты себетін де аналар. Ендеше сол аналар алдында бас иелік!

17 жастар театрын шақырайық

2жүргізушіБір өзіңнен бастап өмір жолдарын,
Жүрегіңе,жүрегімді жалғадым.
Өзің мына сыйға берген өмірде
Ақ сүтіңді ақтап өту-арманым.
Барша ана,құтты болсын мерекеңіз
Әрқашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді,асыл анам.
Сонда біз кісілікке теңесеміз.

1жүргізушіҚұрметті қонақтар , сіздерге арналған мерекелік кешімізді көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет.
Демеңіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, жасөспірім қыздардың құқықтық сауаттылығын арттыру, психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру және тұлғалық дамуына қолдау көрсету мақсатында 10–11 сынып оқушы қыздарымен психологиялық әңгімелер мен тренингтер ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірім қыздардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, психологиялық тұрақтылығын нығайту, өзін-өзі қорғау және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушыларға құқық бұзушылықтың түрлері, оның салдары, жеке қауіпсіздік ережелері, сондай-ақ қоғамдағы қыз балалардың рөлі мен жауапкершілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, психологиялық тренингтер арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру, күйзелісті басқару, қиын жағдайлардан шығу жолдарын табу, қарым-қатынас мәдениетін дамыту дағдылары қалыптастырылды.

Тренингтер барысында түрлі интерактивті әдістер (топтық жұмыс, пікір алмасу, ситуациялық тапсырмалар) қолданылып, оқушылардың белсенділігі артты. Қатысушылар өз ойларымен ашық бөлісіп, өзекті мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Іс-шара нәтижесінде оқушылардың құқықтық түсінігі кеңейіп, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру бағытында оң өзгерістер байқалды.

Ұсыныс:

1. Оқушылар арасында сенім атмосферасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды күшейту мақсатында осындай психологиялық тренингтер мен әңгімелерді жүйелі түрде өткізу;

2. Ата-аналармен бірлескен профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру;

Қорытындылай келе, өткізілген іс-шаралар жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін арттыруға, олардың психологиялық саулығын нығайтуға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған тиімді жұмыстардың бірі болып табылады.

Педагог-психолог: Г.Ә.Әбдуқадыр


Жалпы география

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру, ел тарихына деген қызығушылығын дамыту мақсатында танымдық іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметін таныстыру арқылы тарихи санасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және патриоттық тәрбие беру.

Іс-шара барысында оқушыларға Әлихан Бөкейхановтың өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі, Алаш қозғалысындағы рөлі мен қазақ халқы үшін атқарған еңбектері туралы кеңінен мәлімет берілді. Сонымен қатар, оның ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресі мен ағартушылық қызметі насихатталды.

Шара аясында оқушылар арасында пікір алмасу, сұрақ-жауап, танымдық тапсырмалар ұйымдастырылып, олардың белсенділігі артты. Оқушылар тарихи тұлғаға қатысты өз ойларын білдіріп, оның ел дамуына қосқан үлесінің маңыздылығын түсінді.

Іс-шара нәтижесінде білім алушылардың тарихи тұлғаларға деген құрметі артып, ұлттық құндылықтарды бағалау, ел тарихына қызығушылық таныту, патриоттық сезімдерін нығайту бағытында маңызды жұмыстар жүргізілді.

Ұсыныс:

1.Тарихи тақырыптағы дебат, эссе, жобалық жұмыстар ұйымдастыру әрі танымдық іс-шараларды заманауи форматта (бейнеролик, презентация) өткізу;

2.Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту, мектеп кітапханасында Алаш қайраткерлеріне арналған көрмелер ұйымдастыру;

Қорытындысында, өткізілген танымдық іс-шара оқушылардың тарихи білімін тереңдетуге, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және елжандылық қасиеттерін дамытуға оң ықпал етті.

Кітапханашы: С.Б.Абдибекова

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Анықтама

Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы қарсаңында

Білім басқармасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 5 наурыздағы №3-05-4/1706-И хатына сәйкес Dostyk school Shymkent мектебінде 2026 жылы "Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы" мерекесіне арналған 10 күндік Наурызнама іс-шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шаралар апталық көлемде жоспарланып, әр күн ұлттық дәстүрлер мен мерекелік көңіл-күйді көрсетуге арналды.

14 наурыз – Көрісу күні (амал мерекесі)

Мектепте 13 наурыз күні мерекелік іс-шара өткізілді. Осы күннен бастап оқушылар мен мұғалімдер ұлттық киім киіп келді. Барлық қатысушылар бір-бірімен, сонымен қатар аға буын өкілдерімен көрісіп, жаңа жылдың басталуымен құттықтап, бір-біріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

Сағат 11:00-де "Күй күмбірі челленджі" өтті. Іс-шара барысында «Ерке сылқым» және басқа да дәстүрлі күйлер орындалып, оқушылар ұлттық музыка мен мәдениет әлемімен танысты.

17 наурыз – Шаңырақ күні

Ата-аналар ұлттық киім киіп келіп, "Наурыз бата" берді. Ұлттық тағамдардан көрме ұйымдастырылып, бауырсақ пен наурыз көже таратылды. Бұл шара оқушылар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге бағытталды.

18 наурыз – Ұлттық киім күні

Оқушылар мен мұғалімдер ұлттық киім киіп келіп, үздік ұлттық киім үлгісін көрсеткен қатысушылар марапатталды. Мерекелік іс-шара кең көлемде өтті, қатысушылар ұлттық мәдениеттің құндылықтарын тамашалап, мерекелік көңіл-күйге бөленді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға ұлттық дәстүрлерді таныстыру, олардың мәдени-ағартушылық білімін арттыру, сонымен қатар мектепішілік достық пен бірлікті нығайту болды. Іс-шараға барлық сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері және әкімшілік қызметкерлері белсенді қатысты.

Іс-шараның мазмұны:

Мерекелік шара барысында оқушылар ән айтып, би билеп, ұлттық ойындар, соның ішінде арқан тартыс, садақ ату, асық ату ойындарына оқушылар белсенді қатысып, шығармашылық көрмелер мен әртүрлі ойындар мен викториналар ұйымдастырды. Сонымен қатар ұлттық тағамдар: наурыз көже, бауырсақ,т.б. тағамдар таратылып, іс-шара жоғары деңгейде аталып өтті.

Осының арқасында оқушылардың шығармашылық қабілеттері көрініс тауып, олардың ұлттық мәдениетке қызығушылығы артты.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін шығармашылық конкурстар мен викториналарды әр тоқсанда ұйымдастыру;
2. Мектепішілік мәдени іс-шараларды тұрақты түрде талдап, нәтижелерін бақылап отыру.

https://www.instagram.com/reel/DWBWczVjEuF/?igsh=MWZhOXFsYWdtamVwOQ==









«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Б.Єксенов

Dostyk School Shymkent мектебі
Тәрбие жұмысының сәуір айына арналған
іс-шара жоспары
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)			
1	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні. «Біз таңдаған кітаптар»	01.04.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла С.Б.Абдибекова сынып жетекшілері
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	тренинг, кездесу, құқықтық сағат ұйымдастыру	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
2-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)			
2	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге салауатты қадам» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	07.04.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Э.О.Базарбек Сынып жетекшілері
3	Педагог, қоғам қайраткері **Ахмет Қуанұлы Жұбановтың** туғанына **120 жыл**	10.04.2026ж	А.К.Төреахмет С.Б.Абдибекова Сынып жетекшілері
3-апта дәйексөзі:Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар			
4	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңы» дебаты	15.04.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла
5	**«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес Буллингтен қорған сынып сағаты *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	17.04.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Сынып жетекшілер
4-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер			
6	**«Қамқор»** жобасы аясында **«Түлектердің ағаш егуі»** эко челленджі	20-24.04.2026ж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы
7	Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ *(ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.)* балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру	27.04.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Э.О.Базарбек Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы қарсаңында ұйымдастырылып, өткізілген

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында құқықтық сағатқа

Анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында құқықтық сағат өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ адалдық пен әділдік қағидаттарын насихаттау болды. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кері әсер ететін өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, бұл тақырыпта жүргізілетін тәрбиелік және құқықтық жұмыстардың маңызы зор.

Құқықтық сағат барысында білім алушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымы кеңінен түсіндіріліп, оның пайда болу себептері, түрлері және қоғамға тигізетін зияны туралы жан-жақты ақпарат берілді. Атап айтқанда, пара алу мен пара беру, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, заңсыз сыйақы алу сияқты әрекеттердің заң алдында жауапкершілікке әкелетіні айтылды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың мемлекет дамуына, экономикаға, халықтың әл-ауқатына және елдің халықаралық беделіне тигізетін теріс әсері нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

Іс-шара барысында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, түсіндірме жұмыстары, сұрақ-жауап, пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар және шағын топтық талқылаулар ұйымдастырылды. Бұл әдістер оқушылардың тақырыпты терең түсінуіне және өз ойларын еркін жеткізуіне мүмкіндік берді. Білім алушылар ұсынылған жағдаяттарды талдай отырып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолдарын қарастырды және адал шешім қабылдаудың маңыздылығын түсінді.

Құқықтық сағат барысында «адалдық», «әділдік», «жауапкершілік», «сенім» сияқты адамгершілік құндылықтарға ерекше назар аударылды. Білім алушыларға кез келген жағдайда заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтан аулақ болу, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір азаматтың, соның ішінде жас ұрпақтың да міндеті екені атап өтілді.

Іс-шараның тәрбиелік мәні жоғары болды. Қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың тек құқықтық мәселе ғана емес, сонымен қатар моральдық-этикалық мәселе екенін түсінді. Олар адал еңбек ету, әділ болу және қоғамда

дұрыс құндылықтарды ұстану арқылы ғана сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға болатынын ұғынды.

Қорытындылай келе, өткізілген құқықтық сағат өз мақсатына толық жетті деуге болады. Білім алушылар сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы нақты түсінік алып, оған қарсы тұрудың маңыздылығын түсінді. Осындай бағыттағы іс-шараларды жүйелі түрде өткізу – өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және адал қоғам құруға үлкен ықпал етеді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет



ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы қарсаңында ұйымдастырылып, өткізілген

Дүниежүзілік денсаулық күні аясында «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында өткен кездесуге

Анықтама

Өткізілген күні: 7 сәуір, 2026 жыл
Өткізілген орны: Dostyk School Shymkent мектебі
Қатысушылар: 10-сынып оқушылары, мектеп медбикесі, шақырылған білікті дәрігер
Тақырыбы: «Өмірге салауатты қадам»

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні аясында 6 сәуірдегі №386 бұйрықты орындау мақсатында мектебімізде 10-сынып оқушылары арасында медицина қызметкері, дәрігер Елеусизова Ақерке апаймен кездесу өткізілді. Шараның басты мақсаты – жоғары сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру және өз денсаулығына деген жеке жауапкершілікті ояту.

Жиынның бірінші бөлімінде мектеп медбикесі тақырып бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға арнайы тақырыптық бейнеролик көрсетілді. Видео материал арқылы жасөспірімдер зиянды әдеттердің ағзаға тигізер зардабын көрнекі түрде тамашалады.

Шараның негізгі бөлімінде шақырылған білікті дәрігер Елеусизова Ақерке сөз сөйледі. Дәрігер өз баяндамасында келесі өзекті мәселелерге тоқталды:

Толық салауатты өмір салты: Дұрыс тамақтану, ұйқы режимін сақтау және күнделікті спортпен айналысудың маңызы.

Жеке бас гигиенасы: Жасөспірім шақтағы тазалық ережелері және жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары.

ҰБТ-ға дайындық кезіндегі стресстің алдын алу: Емтихан алдындағы қорқынышты жеңу, психологиялық тұрақтылықты сақтау және демалысты дұрыс ұйымдастыру әдістері.

Зиянды заттардың зардабы: Электронды темекі, энергетикалық сусындар және басқа да зиянды заттардың жас ағзаға тигізетін тікелей қаупі.

Кездесу соңында 10-сынып оқушылары дәрігер мен медбикеге өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Медицина мамандары болашақ түлектерге емтихан кезеңінен стрессіз өту бойынша пайдалы жадынамалар мен кеңестер ұсынды.

Өткізілген іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың денсаулық мәдениетін арттыруға үлкен септігін тигізді. Мектеп әкімшілігі мен медицина мамандары тарапынан бұндай ағартушылық жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатыны атап өтілді.

https://www.instagram.com/p/DW3ecZ1jNHt/?img_index=3&igsh=MW9zand4Znh1eGFmaA==

Мектеп медбикесі: Э.О.Базарбек









ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы қарсаңында ұйымдастырылып, өткізілген

«Буллингтен қорған» атты сынып сағат

Анықтама

Өткізілген күні: 17 сәуір, 2026 жыл

Өткізілген орны: Dostyk School Shymkent мектебі

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары, сынып жетекшісі, мектеп психологы әрі әлеуметтік педагогы

Тақырыбы: «Буллингтен қорған» (Қауіпсіздік сабағы)

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарына және «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығын насихаттау бағдарламасына сәйкес, 10-сынып оқушылары арасында «Буллингтен қорған» атты кезекті сынып сағаты өткізілді. Шара аясында 10 минуттық арнайы «Қауіпсіздік сабағы» ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты — оқушылар арасында өзара сыйластықты арттыру, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, сондай-ақ болашақ маман иесі ретінде кәсіби ортада этика мен еңбек мәдениетін сақтауға баулу.

Сынып сағаты мен қауіпсіздік сабағы барысында келесі негізгі мәселелер талқыланды:

Құндылық пен кәсібилік байланысы: «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» тек жұмыс істеу емес, сонымен қатар ұжымда салауатты психологиялық климат қалыптастыру, әріптестерді сыйлау және кәсіби этиканы сақтау екендігі түсіндірілді. Оқушыларға болашақ жұмыс орындарында кәсіби маман болу үшін қазірден бастап мектеп қабырғасында бірін-бірі қолдаудың маңызы айтылды.

Буллингтің түрлері және қорғану жолдары: Оқушыларға мектептегі және әлеуметтік желілердегі (кибербуллинг) қудалаудың алдын алу жолдары туралы ақпарат берілді. Буллингге тап болған жағдайда үнсіз қалмай, мамандарға немесе ата-анаға хабарлау қажеттігі ескертілді.

Қауіпсіздік ережелері: 10 минуттық қауіпсіздік сабағында оқушыларға психологиялық қысым көрсетілген кезде өзін-өзі ұстау ережелері мен заңдық жауапкершілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Шараға мектеп психологы әрі әлеуметтік педагог арнайы қатысып, оқушылармен интерактивті әңгімелесу жүргізді. Маман жасөспірімдерге қиын жағдайда психологиялық көмек алу жолдарын түсіндіріп, мектептегі сенім жәшігі мен жедел жәрдем телефондары туралы ақпаратты еске салды. 10-сынып оқушыларына тақырыптық бейнеролик көрсетіліп, «Тату ұжым — жетістік кілті» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

Оқушылар еңбекқорлық пен біліктілікке ұмтылған адамның өзгелерді кемсітуге уақыты жоқ екенін және нағыз маман тек өз ісінің шебері ғана емес, адамгершілігі

жоғары тұлға болуы тиіс деген қорытындыға келді. Өткізілген сынып сағаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және сынып ішіндегі достық қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі
Тәрбие жұмысының мамыр айына арналған
іс-шара жоспары
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

№	Іс-шара тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ			
1	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	04.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілері
2	Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға, **«Шабыт»** жобасы аясында 7 мамыр – Ұландар күніне орай **«Отанды қорғау парызымыз»** тақырыбында іс-шара өткізу	06.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілері
2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ			
3	Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға, **«Шабыт»** жобасы аясында 9 мамыр – Ұлы Жеңістің күніне орай **«Жасасын мәңгі – Жеңіс күні!»,** «9 мамыр – Жеңіс күні» тақырыптарында мерекелік іс-шара өткізу	8.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілері
4	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы Отбасы күніне арналған **«Отбасылық дәстүрлер»** апталығы	14.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілері
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)			
4	**«Қауіпсіз қоғам»** Құқықбұзушылық бойынша алдын алу *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	18.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілері
5	15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне орай **«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»** тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы	19.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Г.Ә.Әбдуқадыр Сынып жетекшілер
4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/			
6	Мектеп бітіру кеші Салтанатты іс-шара ұйымдастыру	25.05.2026ж	А.К.Төреахмет Н.Е.Халилулла Н.Ә.Амангелдиев Сынып жетекшілері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет

Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және ойын-сауық орындарында есірткі және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 4 мамыр, 2026 жыл

Кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және есірткі мен күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына жол бермеу мақсатында білім алушылар арасында түсіндіру-профилактикалық жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысында білім алушыларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта заңды өкілінсіз қоғамдық орындарда жүруіне шектеулер қойылғаны туралы түсіндірілді. Сонымен қатар, түнгі клубтарда, ойын-сауық орындарында және басқа да қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандардың болуының құқықтық жауапкершілігі жөнінде ақпарат берілді.

Түсіндіру жұмыстары барысында жасөспірімдерге құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау және күмәнді ортадан аулақ болудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілді. Әсіресе, түнгі уақытта бақылаусыз жүрудің жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіні, түрлі құқық бұзушылықтарға, келеңсіз жағдайларға және қылмыстық әрекеттерге себеп болуы мүмкін екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, білім алушыларға есірткі заттарының, психотроптық және күшті әсер ететін заттардың адам ағзасына тигізетін зияны, олардың психикалық және физикалық денсаулыққа кері әсері туралы мәліметтер берілді. Есірткіні қолданудың тәуелділікке әкелетіні, адамның өмір сапасын төмендететіні және болашағына кері әсер ететіні түсіндірілді.

Түсіндіру жұмыстары аясында білім алушыларға есірткі заттарын сақтау, тарату және қолдану әрекеттері заң алдында жауапкершілікке әкелетіні ескертілді. Сондай-ақ, күмәнді адамдармен қарым-қатынас жасамау, белгісіз заттарды қабылдамау және қауіп төнген жағдайда ересектерге немесе құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттігі айтылды.

Іс-шара барысында профилактикалық әңгімелер, дәрістер, құқықтық түсіндіру сағаттары ұйымдастырылып, бейнероликтер көрсетілді. Білім

алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, олардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық материалдар ұсынылды.

Талдау нәтижесінде білім алушылардың құқықтық жауапкершілік пен жеке қауіпсіздік мәселелеріне қызығушылық танытқаны байқалды. Көпшілік білім алушылар зиянды әдеттердің адам өміріне кері әсерін түсінетіндерін білдіріп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын атап өтті.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту;
- жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын арттыру;
- құқық қорғау органдарымен бірлескен кездесулер ұйымдастыру;
- психологиялық қолдау және кеңес беру жұмыстарын жүргізу.

Қорытындылай келе, жүргізілген түсіндіру жұмыстары білім алушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және есірткі мен күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алуға бағытталды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі анықталды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет





Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған, «Шабыт» жобасы аясында 7 мамыр – Ұландар күніне орай «Отанды қорғау – парызымыз» тақырыбында өткізілген іс-шара туралы **АНЫҚТАМА**

Өткізілген күні: 2026 жылғы 6 мамыр

Қатысушылар: мектеп оқушылары, ұстаздар, әскери сала ардагерлері және шақырылған қонақтар

1. Іс-шараның мақсаты мен міндеттері

Іс-шара жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін күшейту және олардың жан-жақты қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды мақсат етті.

Негізгі міндеттері:

Өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ұлттық намыс және азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне деген құрметті арттыру.

Жасөспірімдердің өнер, спорт және зияткерлік бағыттардағы дарындарын айқындау.

2. Іс-шараның барысы мен мазмұны

Іс-шара барысында білім алушыларға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қалыптасу тарихы, әскери қызметтің маңызы, Отан алдындағы азаматтық борыш пен жауапкершілік туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі әскери мамандықтардың рөлі түсіндірілді.

Тәрбиелік іс-шара аясында патриоттық тақырыптағы өлеңдер оқылып, әндер орындалды, бейнероликтер көрсетілді және білім алушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қатысушылар әскери-патриоттық бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салды. Іс-шара білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және ұйымшылдыққа тәрбиелеуге ықпал етті.

Іс-шара барысында білім алушылар белсенділік танытып, патриоттық тәрбиеге қатысты тақырыптарға қызығушылықпен қатысты. Олардың бойында туған жерге, елге деген құрмет сезімін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар, жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану, тәртіп сақтау және жауапкершілік қасиеттерін дамыту мәселелері қозғалды.

3. Іс-шараның нәтижесі мен тиімділігі

Өткізілген іс-шара жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті. Жасөспірімдердің белсенділігі мен патриоттық рухының жоғары екендігі

байқалды. «Шабыт» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл шара қатысушылардың тек әскери-патриоттық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың көшбасшылық қабілеттерін, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға үлкен септігін тигізді.

Қорытынды кезеңде белсенділік танытқан жасөспірімдер мен жеңімпаздар арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Қорытындылай келе, «Шабыт» жобасы аясында өткізілген «Отанды қорғау – парызымыз» тақырыбындағы іс-шара білім алушылардың патриоттық тәрбиесін нығайтуға, азаматтық жауапкершілігін арттыруға және олардың жан-жақты қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды тәрбиелік шаралардың бірі болды.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- білім алушылардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
- ұлттық құндылықтар мен отансүйгіштік тәрбиесін насихаттау;
- әскери қызметкерлермен кездесулер өткізу;
- жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарын күшейту;
- тарихи-танымдық және тәрбиелік жобаларды жүзеге асыру.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Е.Халилулла

Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған, «Шабыт» жобасы аясында 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «Жасасын мәңгі – Жеңіс күні!», «9 мамыр – Жеңіс күні» тақырыптарында өткізілген мерекелік іс-шара туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 2026 жылғы 8 мамыр

Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін қалыптастыру, тарихи санасын дамыту, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Шабыт» жобасы аясында 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «Жасасын мәңгі – Жеңіс күні!», «9 мамыр – Жеңіс күні» тақырыптарында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларға Ұлы Жеңістің тарихи маңызын түсіндіру, соғыс ардагерлерінің ерлігі мен батырлығын насихаттау, жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру болды. Сонымен қатар, ел тыныштығы мен бейбіт өмірдің қадірін ұғындыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу көзделді.

Мерекелік іс-шара барысында білім алушыларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихи оқиғалар, қазақстандық батырлардың ерлігі және тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегі туралы мәліметтер берілді. Соғыс жылдарындағы халқымыздың батылдығы мен бірлігі туралы тәрбиелік маңызы зор ақпараттар айтылып, бейбіт өмірдің маңыздылығы түсіндірілді.

Іс-шара аясында патриоттық әндер орындалып, тақырыптық өлеңдер оқылды, көркем қойылымдар мен әдеби-сазды композициялар ұсынылды. Сонымен қатар, білім алушылар арасында тарихи-танымдық сұрақ-жауап, пікір алмасу және еске алу минуттары ұйымдастырылды. Мерекелік шара барысында Ұлы Жеңіс күніне арналған бейнероликтер көрсетіліп, қатысушылар соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетті.

Іс-шара білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тарихи танымын кеңейтуге, сахна мәдениетін қалыптастыруға және көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Сонымен қатар, жастардың бойында елжандылық, батырлыққа құрмет және бейбіт өмірді бағалау қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

Талдау нәтижесінде білім алушылардың іс-шараға белсенді қатысқаны, тарихи тақырыптарға қызығушылық танытқаны және патриоттық тәрбиеге оң көзқарас қалыптастырғаны байқалды. Іс-шараның тәрбиелік және танымдық маңызы жоғары деңгейде өтті.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- тарихи тұлғалар мен батырлардың ерлігін насихаттау жұмыстарын күшейту;
- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жобаларды ұйымдастыру;
- ардагерлермен және қоғам өкілдерімен кездесулер өткізу;
- ұлттық және тарихи құндылықтарды дәріптеу жұмыстарын жалғастыру;
- жастар арасында патриоттық және азаматтық тәрбие беру жұмыстарын арттыру.

Қорытындылай келе, «Шабыт» жобасы аясында өткізілген «Жасасын мәңгі – Жеңіс күні!», «9 мамыр – Жеңіс күні» тақырыптарындағы мерекелік іс-шара білім алушылардың патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға, тарихи жадыны құрметтеуге және олардың жан-жақты шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды тәрбиелік шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Е.Халилулла

Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Отбасылық дәстүрлер» апталығының өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 2026 жылғы 14 мамыр

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес және 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасылық дәстүрлер» апталығы аясында тәрбиелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шаралар мектептің 14 мамырдағы №397 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

Апталықтың негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасындағы сыйластық пен алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту болды.

Іс-шара барысында білім алушыларға отбасының қоғамдағы рөлі, ұлттық тәрбие, отбасылық дәстүрлердің маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған әңгімелер, пікір алмасулар және тәрбиелік сағаттар ұйымдастырылды.

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай білім алушылар ата-аналарына телефон арқылы хабарласып, алғыстарын білдіріп, жылы лебіздері мен ізгі тілектерін жеткізді. Бұл іс-шара оқушылардың ата-анаға деген құрметін арттыруға, ризашылық сезімін қалыптастыруға және отбасы мүшелері арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтуға бағытталды.

Сонымен қатар, апталық аясында «Отбасымен 1 күн» челленджі, «Отбасыма алғыс» акциясы, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және психологиялық кеңестер ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналар іс-шараларға белсенді қатысып, отбасы бірлігінің маңыздылығын атап өтті.

Талдау нәтижесінде өткізілген іс-шаралардың тәрбиелік маңызы жоғары болғаны анықталды. Білім алушылардың отбасы құндылықтарына деген құрметі артып, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтуға оң әсерін тигізгені байқалды. Сонымен қатар, ата-аналар тарапынан да іс-шараларға оң пікірлер білдірілді.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын күшейту;
- білім алушылар арасында рухани-адамгершілік тәрбиені дамыту;
- психологиялық қолдау және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;

- отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында ұйымдастырылған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы білім алушылар мен ата-аналар арасындағы өзара сыйластықты нығайтуға, отбасы құндылықтарын дәріптеуге және рухани тәрбие беруге бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет





Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумының өткізілуі туралы АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 2026 жылғы 19 мамыр

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейту және мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы ұйымдастырылып өткізілді.

Форумның негізгі мақсаты – балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, құқықтық сауаттылықты арттыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі, жол-көлік қауіпсіздігі және психологиялық қолдау мәселелері бойынша ата-аналарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

Іс-шара барысында ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы негізгі талаптар мен ережелер түсіндірілді. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүрмеуі, әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, зиянды әдеттерден сақтандыру және құқықтық жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, форум барысында білім беру ұйымы тарапынан оқу жылының қорытындылары таныстырылып, білім алушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, оқу жетістіктері және тәрбиелік жұмыстардың нәтижелері туралы ақпарат берілді. Сынып жетекшілері ата-аналармен кері байланыс орнатып, әр білім алушының оқу-тәрбие процесіндегі жетістіктері мен өзекті мәселелерін талқылады.

Форум аясында мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар және сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарға кеңестер беріліп, бала тәрбиесіндегі отбасы құндылықтарының маңыздылығы атап өтілді. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарына жауап алды.

Іс-шара барысында бала қауіпсіздігіне қатысты бейнероликтер көрсетіліп, профилактикалық және ақпараттық материалдар ұсынылды. Сонымен қатар, ата-аналарға жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін бақылау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Талдау нәтижесінде ата-аналардың форумға белсенді қатысқаны және бала қауіпсіздігі мәселесіне жоғары қызығушылық танытқаны анықталды. Форум мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікті қалыптастыруға және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге оң ықпал етті.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- ата-аналармен жүйелі түрде профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- бала қауіпсіздігіне қатысты түсіндіру жұмыстарын күшейту;
- психологиялық қолдау және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын тұрақты өткізу;
- мектеп пен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру;
- балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларды жалғастыру.

Қорытындылай келе, «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбындағы жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ата-аналардың педагогикалық және құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет

Dostyk School Shymkent мектебі

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

«Сәт сапар – жас түлек!» атты мектеп бітіру кешінің салтанатты іс-шарасының өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

2026 жылғы 25 мамыр күні «Dostyk School Shymkent» мекемесінде мектеп бітіруші түлектерге арналған **«Сәт сапар – жас түлек!»** атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың мектеп қабырғасындағы білім алу кезеңін қорытындылау, түлектерге құрмет көрсету, олардың болашаққа деген сенімін арттыру, ұстаздарға, ата-аналарға деген алғыс сезімін қалыптастыру және жас түлектерге рухани қолдау көрсету болды.

Мерекелік кеш салтанатты түрде ашылып, жүргізушілер қатысушылар мен қонақтарды құттықтау сөздерімен қарсы алды. Іс-шара барысында мектеп әкімшілігі, ұстаздар және ата-аналар түлектерге жүрекжарды тілектерін білдіріп, олардың болашақ өміріне сәттілік тіледі.

Кеш барысында патриоттық және тәрбиелік мазмұндағы өлеңдер оқылып, әндер орындалды, музыкалық және шығармашылық номерлер ұсынылды. Сонымен қатар, мектеп бітіруші түлектердің мектеп өміріндегі жетістіктері мен естеліктері еске алынып, ұстаздарға алғыс сөздер айтылды.

Салтанатты іс-шара білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сахна мәдениетін қалыптастыруға, көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіруге және ұйымшылдыққа тәрбиелеуге ықпал етті. Сонымен бірге, түлектердің бойында үлкен өмірге деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталды.

Іс-шара барысында ата-аналар мен ұстаздардың мектеп бітіруші түлектерге деген жылы лебіздері айтылып, жас түлектерге ақ жол тілейтін құттықтаулар ұсынылды. Кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың көтеріңкі көңіл күйде өтуіне жағдай жасалды.

Талдау нәтижесінде білім алушылардың іс-шараға белсенді қатысқаны, шығармашылық қабілеттерін көрсете алғаны және мектепке деген құрмет сезімін білдіргені байқалды. Іс-шараның тәрбиелік және танымдық маңызы жоғары деңгейде өтті.

Алдағы уақытта төмендегідей жұмыстарды жалғастыру ұсынылды:

- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту;

- мектеп дәстүрлерін насихаттау жұмыстарын жалғастыру;
- түлектермен байланыс жұмыстарын дамыту;
- жастардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жобаларды жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, «Сәт сапар – жас түлек!» атты мектеп бітіру кеші білім алушыларға рухани қолдау көрсетіп, олардың жаңа өмір кезеңіне сеніммен қадам басуына ықпал еткен маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Төреахмет


сапар,
Биыл мектебімізден 218
оқушы түлеп ұшқалы тұр!
түлек!
2026
DOSTYQ